



Асқар ЖҰМАДІЛДАЕВ

– Асқар аға, асқаралы 65 жасқа толуыңызбен құттықтаймыз! Өр жастың өз биігі бар. Сіздің осы жаңа жасыңыз қандай ойға жетелейді?

– Көп рақмет. Зейнетке шықты. Бірақ аттан түскенім жоқ. “Ақырын-ақырын, сағатына бір шақырым” дегендей тірілік көшіп жатырмыз.

– Жаңында 50 жасыңызда берген есебіңізді қайта жарияладыңыз. Жылдан-жылға есептің құны 100 долларға өсіп келеді. Қазір оның бағасы 1400 долларға жетті. Есептің жауабы табылды ма? Есептің шешуін жолдап, жылда қанша адам бақ сынаиды?

– Бүгін бұл есептің құны 1500 доллар болды. Осыған қарап әлі есептің шығатынын байқарсыз. Хатшы қыздың айтуына қарағанда, кәсіпкерлер мыңдаған хат түскен секілді. Көмекші студенттерім қарап тұрады. Қызық идея болса, маған хабар беріңіз. Анда-санда өзім де қарап қоямын. Есеп дұрыс шықса, қызық ой болса, жауап беремін. Дұрыс болмаса жауап бермеймін. Оның бәріне жауап қататын болсаң, басқа жұмысыңның бәрін тастауың керек. Кейде осы есепті өңір бердім бе деген ой келетінін жазырмаймын. Есеп шығарушылардың 99 пайызы екі түрлі қате жібереді.

– Қызық болып тұрғаны, толығырақ айтсаңыз?
– Бірінші қате, жас та, көрі де есеп шығарғанның бәрі дерлік есепті компьютермен шығарады. Калькулятордың қате есептеуінің өскерімейді. Мысалы, компьютер 9,99999 санын одетте 10 деп уады. Компьютер бүгін сен мен нақты санның айырмашылығын білмейді. Екіншісі, бұл айырмашылықты оқушы да, кейде оқытушы да біле бермейді екен. Бұл есеп компьютердің есебі емес. Бұл – адам ақылна салмақ түсіретін есеп. Компьютер үлкен көмек жасауы мүмкін, бірақ есепті шығара алмайды. Екінші қате, есеп шығарушылар дәлел деген не екенін мойындайды. Әрқарсы үлкендер келтіретін дәлел мынаған сады.

Марста алма гүлдеді. Юпитерде жер сілкіңді. Алматы мен Қызылорданың арасы – 1000 км. Қызылорда мен Алматының арасы – 2000 км. Олай болса $x+1=y^2$ теңдеуінің шешімі жоқ. Демек, Шыңғысхан қазақ. Шыңғысхан қазақ екенін “Астарлы ақиқаттағыдай” генетикалық экспертиза куәтаса, бүкіл әлем мойындай еді. Бұлтартпас факты болса, мен де қуанар едім. Мұнысы сіздің дәлеліңіз жай даурыққа болып қала беретініне өкпелеуіңіз керек. Барлық проблема Шыңғысхан теңірігіне тіреле берсе, дәлелі 100 пайыз бір мағлұмат ұсынбайын. Шыңғысхан қазақ емес. Шыңғысхан – қазаққа жөн. Шыңғысханның ісін жалғастырған төрт баласы да қазаққа жөн. Шыңғысханның толып жатқан тоқалдары болған. Бірақ солардың бірінің аты тарихта қалды ма? Шыңғысханның бәйбішесі бәрте аламыздың қоныраттың қызы екенінің бұлтартпайтын дәлел келтірелі. Темужиннің әкесі Есугей баһадур баласына “нағашыларың – тәуір адамдар, бірінші келін қоныраттан болсын” деп, баласын

Асқар ЖҰМАДІЛДАЕВ, академик:

ЖАСТЫҚТА ӨЛЕҢ БАР, ӨЛЕМ ДЕЙТІН ОЙ ЖОҚ

Айгүл ҚАРЖАУБАЙҚЫЗЫ

өзі жетектеп, қайын жұртына апарды. Қоныраттар жиеніміз келіп қалыпты деп, қушағын айқара аша қоймайды. Бір-екі жыл мал бақтырып, жұмысқа салады. Садақ аттырып, сынақтан өткізеді. Содан кейін барып, бұл бала біздің қызымызға лайық екен деп келісімін береміз. Қосымша дәлел тағы айтайық. Жошы, Шағатай, Үгедей, Төле. Төртеуінің де шешісі бәрте екеніне ешқандай күман жоқ. Ал өкелері Шыңғыс хан ба? Бұл туралы әртүрлі пікір бар. Қорытынды. Шыңғысхан және оның төрт баласы бәрі – қоныраттың жиендері. Демек тарихты жасап отырғандар – қазақтың жиендері. Әңгімені осы қырынан қозғасаңыз, сөзіңіз өтімдірек болады. Тақырыптан ауытқымас үшін осы жерден Шыңғысханның ұлты жөніндегі қазақтың сүйікті әңгімесін тоқтатып, факторларда жайлы тақырыпқа оралғанымыз жөн болар. Меніңше, бұл тақырып қазақты алға қарай сүйрейтін тақырып. Факториал анықтамасын еске сала кетейік: $x!$ деген осы санға дейінгі тізбектес сандардың көбейтіндісі. Мысалы,

$$4! = 1 \times 2 \times 3 \times 4 = 24.$$

$$4! + 1 = 25 = 5^2. \text{ Осындай } x! + 1 = y^2$$

теңдеуінің үш шешімін табу оңай:

$$(x, y) = (4, 5), (5, 11) \text{ және } (7, 1).$$

Төртінші шешімді табу керек. Бар болса, әрине.

Бұл есеп – шүріппе. Шүріппе басылғасын мылтық атылуға тиіс. Бала интернеттен, кітаптан қарау керек. Ғылым жасау қызығы да мол, сонымен қатар шыңығы да мол тірілік екенін байқау керек. Бұл шүріппе ақылды балаға серпініс береді. Ұмытылыс қылар қайрат береді. Есепті шығару шарт емес, ұмытылыс қылу шарт, ғылымды етегінен ұстау шарт. Мен бұл арада жаңалық ашып тұрғаным жоқ. Мен Абай атамның “Дүние де өзі, мал да өзі, ғылымға көңіл болсеніз” деген сөзін бүгінгі заман ағымымен ұястыра қайталап қана тұрмын. Келген жуз хаттың бірі мынадай сарында болды. “Есет қызық екен. Бірақ мен бүгін санның не екенін білмейтінмінді байқадым. Сандар теориясынан, алгебралар дұрыс кітаптар оқу керігін түсіндім. Үш кітап таптым. Ертеннен бастап соларды оқып білімді шыңдап бастаймын” Осындай кездерде есепті бергенім дұрыс болған екен деп қуанып қаламын.

– Қазір өл арасында оңайын білім алу «білім сапасын төмендетеді» деген пікір қалыптасқан. Бірақ бұл тәжірибе осы уақытқа дейін шетелде қалыптасып үлгерген. Өзіңіз де шетелде сабақ бердіңіз. Жалпы оңайын білімге көзқарасыңыз қандай?

– Бұл жалпы әңгіме. Менің айналада білімі нашар студенттер де жетеді, білімі тәуір студенттер де баршылық. Оқимын, білікті маман боламын дейтін студентте осы күні ғылым үйренер мүмкіншілік көп. Оңайын оқу ма, оффлайн оқу ма, бәрібір. Көп оқысам басым ауырып кетеді, диплом алсам болды дейтін студентке оқымаудың сылтауы таусылмайды. Оқу оңайын ба, оффлайн ба, оған да бәрібір.

– Өскелең ұрпақты математика пәніне қызықтырудың оңтайлы жолы бар ма?

– Бұл сұрақтың жауабын Евклид деген кісі бұдан 2000 жыл бұрын берген. Бірде патша Евклидті шақырып алып “Мен дүниенің жартысын жауап алдым. Адам тағдыры ашсам алақаныма, жұмсам жұдырығымда. Жұрт менен қатты қорқарды, бірақ іштей құрметтемейді. Бәрі Евклидті мойындайды. Сені сыйлайды. Өйткені сен геометрия өнерін білесің. Мен де геометрия ғылымын үйренгім келеді. Бірақ он жыл партада отырап оқытым жоқ. Маған патшаға лайық геометрияға барар жолды көрсет” дейді. Бұл өтінішке Евклид былай жауап беріпті: “Геометрия үшін алдында кім тұр, патша ма, жалпы ма бәрібір. Геометрияға барар патшаға арналған арнайы жол жоқ”. Мен осы жауапты қайталаймын. Математика үйрену үшін кітап оқу керек. Есеп шығару керек. Басты істету керек. Басқа жол жоқ.

– Бір сұхбатыңызда «жасырған есептеріңнің шешуін білмеймін» депсіз. Мұның сыры неде?

– Мен есеп жасырғаным жоқ. Бұл – журналистік штамп. Алты жасар балаға жұмбақ жасырылады, ғылыми проблема жасырылмайды. Менің беріп тұрғаным бағыдан келе жатқан ғылыми есеп. Ғылымның терезесін тықылдатпақ ойы бар балаға арналған есеп. Абай айтпай ма “Ғалым болмай немесе, балалықты қисаңы” деп. Бұл балалықты қисаң ойы бар, балаға арналған есеп. Жұрт ойлайды: “Математика неге керек? Барлық есеп шығарылып қойған. Онда балалардың миын ашыту неге керек деп. Мінеки,

$$x! + 1 = y^2$$

шығарылмаған есептің бір мысалы. Бұл есеп былай деп тұр.

Ей адамзат! Ақылдымын дейсің. Құдайдың ең үздік, ең шебер, жер бетін басып жүруге ең лайықты туындысымын деймін. Суды лаяйладың, ауаны бұздң, экологияны құрттың. Жан-жануар, құрт-құмырсқа, өсімдік бәрі адам жоқ жерде баланс сақтап, бақытты өмір сүреді екен. Жер Анаға табын деп өл бердің. Сөйте тұра Алланың ең үздік туындысымын деп айтуға қалай дөңіп шыдап тұр? Ал ақылды болсаң, шығаршы осы есепті. Бар болғаны екі белгісіз бар, үш-ақ әріптен құралған есеп. Шығаршы осыны, ақылдың тасып бара жатса. Аға, шығара аламысың ба? Онда айлыңды тарта тұр. Таубеге кел деп тұрған жоқ па бұл есеп?

– Дәл осы жастың биігінде тұрып, жастарға қандай кеңес бересіз?

– Жастық шақ – керемет шақ. Жастықта жалын да бар, жігер де бар, қуат та бар. Жастықта өлең бар, өлем дейтін ой жоқ. Жастықтың жалғыз кемшілігі бар: өтеді де шығады. Сондықтан жас кезінде қуатыңды бос іске сарқа берме. Жастың биігіне ойнал барамын деме, бір-ақ рет баратын биікке ойлап барайын де.

– Өңігіміңізге рақмет.

Нарбота СЕРӘЛІ, ең жас мәслихат депутаты:

ДЕПУТАТ ЖАЛАҚЫ АЛМАЙДЫ

Нарбота Серәлі – 1996 жылы Жалағаш ауданы, М.Шәменов ауылында дүниеге келген. Мектеп қабырғасында жүрген кезде-ақ бәсеңділігімен кезге түскен кейіпкеріміз мектепті тәмамдаған соң, Қызылорда гуманитарлық-экономикалық колледжінің студенті атанды. Кейін Ә.Құтбеков атындағы Халықтар достығы университетінде “Мемлекеттік және жергілікті басқару” мамандығы бойынша білім алды. Кәсіби мансабын “Қызылорда облысының жастар одақтары” қоғамдық бірлестігінің жоба үйлестірушісі болып бастап, түрлі салада қызмет атқарды. Бүгінде ел үмітін арқаулаған Нарбота халық сеніміне ие болып, өліміздің ең жас мәслихат депутаты атанды.

Айгүл ӨЛШЕРОВА

– Нарбота Серәлі, депутат болуыңызбен құттықтаймыз! Бұл маңда Нарботаға не береді? Қандай жауапкершілік жүктелді?

– Рақмет. Адам баласы дүниеге келген сәттен бастап үнем ізденісте болады. Сол ізденіс арқылы ол өзінің алға қойған арманы мен мақсатын айқындап, соны іске асыру үшін жұмыс жасайды. Бірақ мен бала кезімде депутат болып деп мүлдем ойлаған емеспін. Тек үйдегі ата-анамның ізгілік жолындағы тәлім-тәрбиесі, ауыл үлкендерінің жүйелі нақыл сөзі, өзімнен замандастарым заман талабына сай ой-ерісін кеңейтіп, сол жастардың бір жылында менде қалып қоймас үшін аянабы ізденіп, өзімді өрқашанда алға жетелеп отырым. Еңбек еткенге ел сенімін ақтаудан артық бақыт жоқ. Мәслихат депутаты жаалақы алмайды, ол – қоғамдық жұмыс. Бұқара мен биліктің жайықпайтын атын көріп, Халықтың жайықпайын жеткізуді. Қай жерде не мәселе бар, оны шешу жолына ұсыныс беруші. Зор жауапкершілік артатын қызмет мойныма жүктелді. Бұйырса, халықтың сенімін ақтау үшін жұмыс істейміз.

– Жалпы сіздің негізгі атқару жұмысыңыз қандай? Яғни қай мәселелерді қамтисыз?

– Өлеуметтік-мәдени даму, халықты әлеуметтік қорғау мәселелері, заңдылық және азаматтар құқығы жөніндегі тұрақты

комиссиясының мүшесімін. Тұрақты комиссияға ауданның экономикалық және әлеуметтік дамуы бойынша жастар мен бағдарлама жобасына тұжырым жасап, олардың орындалуы туралы есептерді тыңдаймыз. Сондай-ақ аймақтың белгілері, кәсіпорындары мен мекемелерінде ҚР заңы, аудандық мәслихат сессиясының шешімі, тұрақты комиссияның қаулысы, мемлекеттік органдардың басқа атқарушы орындауын талдаймыз. Талдау нәтижесі бойынша сессияның, тұрақты комиссияның қарауына ұсыныс енгізу жүктелген. Нұр Отан партиясының Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы бойынша белгіленген сайлауалды бағдарламасында көрсетілген ауданды дамытудың жеті басымдығына сәйкес, яғни экономикалық тұрақтылықты сақтауға, аудан халқына қолыны жағдай жасауға, әлеуметтік қызметтің сапасын арттыруға, жастарға қолдау көрсетуіне, тарих пен мәдениетті дамытуға, ашық және есеп беретін жергілікті органдарды қалыптастырып, аудан қауыпсіздігін сақтау үшін жүйелі жұмыс жасалуда. Негізгі мақсатымыз – халықтың өмір сүру сапасын мен әл-ауқатын жақсарту үшін жағдай жасау.

– Кешегі сайлаудың бірден бір ерекшелігі праймериз әдісі арқылы өтуінде. Сізге бұл әдістің пайдасы тиді ме?

– Бұл сайлаудың қызық жағы болса да, алып бара жатқан қиындығы болған жоқ. Ал праймериз әдісінің «Есіктен есікке» акциясы арқылы біраз жерді аралап, аудан жұртшылығымен тілдесіп, өзіме тәжірибе жинадым. Ең бастысы, халықтың қолдауын сезіндім. Солардың ең негізгісі, саяси жүйені нығайтуға, демократияны дамытуға ықпал ететін мәслихаттар сайлауының алғаш рет партиялық тізім бойынша өткізілді. Осындай ерекшелігі болса да, бұл саяси науқан біздің ауданда да бірлесіп атқарған жұмыстың нәтижесінде жоғары деңгейде өтті. 2019 жылы Нұр Отан партиясы 14 өңірде «Мықты партия – мықты лидер» атты жобамын партияшілік іріктеу өткізді. Соның бірі ретінде Сырдария ауданында партияшілік іріктеу – праймериз жобасы пилоттық жоба ретінде өткізілді. Бұл – партияшілік іріктеу мықты лидерді табумен бірге, осы бағытта мүдделестердің пікірін жинақтап, партияны одан әрі жетілдіруге бағыттайтын жоба. Сондықтан да бұл біздің партияластарға ғана емес, партияның барлық бағдарламасын қолдайындарға берілген мүмкіндік.

– Жалпы көпшілік ішінде жастардың билікке ұмтылуы көп жағдайда жағымды пікір тудырмайды. Бұған көзқарасыңыз қандай?

– Иә, мұнының рас. Кереғар пікірлердің көпсігенін де, көпсіпейтін де тұсы бар. Бас сауасқ бірдей емес. Әрбір жас өзіне жүктелген жауапкершілік жүгі қаншалықты екенін жіті сезінуі тиіс. Тек билік үшін жұмыс жасау – қате түсінік. Елді гүлдендіріп, оны алға жетелеуші – білімді және белсенді жастар. Осы тұрғыда жастар білім мен ғылымның жолына түсіп, өркениетті дамуға үлес қосып жатыр, оларды қолдау керек. Қазір жастардың ойлау қабілеті жоғары. Сондықтан біз оларға тек рухани және жалаңанду жағынан қолдау білдірсе, бүгінгі жас ұрпақтың ел көшін алға сүйрейтініне көміп сенімдімін.

– 10 жылдан кейінгі Нарботаны қалай естесетсіз?

– Өзіме міндеттелген қызмет шеңберінде еңбек етіп қана қоймай, халықтың сенім үдесінен шыққым келеді. Ұлтты ұястыратын ұрандар мен нақты атқарылған ілікті істердің жарышысы болып, алдыңғы сапта жүрудің өзі – мәртебемізді білгілетін, беделімізді арттырады. «Қай істің болсын өңіне үш түрлі шарт бар: ең әуелі ниет, одан соң күш, төртін керек» деген сөз бар. Осы үш қағиданы өмірлік ұстанымыма айналдырып, халыққа адал қызмет ету – азаматтың парызы.

– Өңігіміңізге рақмет.



Нарбота СЕРӘЛІ

ГРАНТ ИЕЛЕНДІ



Қызылорда облысында алғаш рет телевизиялық форматта өткен «Интеллектуалды ұлт» байқауында ауыл мектебінің оқушысы арнайы грантты жеңіп алды.

Интеллектуалдық сайыста облыстың дарынды, білімді жастарынан топ жарып, финалда кезеңде үздіктердің үдігі болған Қазылы ауданындағы №102 мектептің 11 сынып оқушысы Аида Сүлейменқызы Қорқыт ата атындағы университет ректорының грантына ие болды. Аида Сүлейменқызы – Алтын белгіге үміткер, зерделі оқушы.

Ал, Арал ауданындағы №220 мектептің 11 сынып оқушысы Әділхан Ахметов пен Қызылорда қаласындағы №101 мектептің 11 сынып оқушысы Ерболат Жанболат университетте білім алуға 50 пайыз жеңілдік сертификатын иеленді.

Айта кету керек, білім жарысында барлығы қала, облыс оқушыларынан 50 команда қатысып, финалдық кезеңге 4 команда – 12 оқушы іріктелді. Сайыста оқушылар «Ой жылдамдығы», «Полилот», «Тәуелсіз Қазақстанның даму кезеңдері» атты 3 кезеңде сыналды.

Сайысқа облыстық білім басқармасының басшысы Ақира Қасымова, қала әкімінің орынбасары Ақдарбек Есжанов, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің проректоры Жандос Базартай, Қызылорда телеарнасы директорының орынбасары Айсулу Қасымова, облыстық Жастар ресурстық орталығының директоры Азамат Мүкеев қазылық етті.

ЖАСТАР ЖӘНЕ ОТБАСЫ

Жастар және отбасы саясаты мәселелері бойынша қоғамдық тыңдаулар Қызылорда облысында жалғасын тапты. Онлайн-семинарға жастар ресурстық орталықтарының 50-ден астам қызметкері, өңірлік жастар ұйымдары мен жастар ісі жөніндегі комитет мамандары қатысты.



Жастар және отбасы істері комитетінің төрағасы Ш. Байманов 2020 жылғы жастар мен отбасы саласындағы жұмыстың негізгі нәтижелері және 2021 жылға арналған өзекті міндеттері туралы айтты. Күн тәртібінде жастарды қолдаудың 2025 жылға дейінгі кезеңді жоспарының негізгі бағыттары сондай-ақ «ҚР кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік жастар саясаты мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы талқыланды. Заң жобалау қызметі мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия 2020 жылғы 15 тамызда ҚР Заң жобасының тұжырымдамасын мақұлдады.

Заң жобасының мақсаты – мемлекеттік жастар саясаты саласындағы заңнаманы жетілдіру. Айта кету керек, заң жобасы аясында НЕЕТ санатындағы жастарды, жастардың даму индексі, жастарға

арналған әлеуметтік қызметтер, жастармен жұмыс жөніндегі маман, жастарға арналған демалыс ұйымдары және т. б. мәселелер бойынша заңнамалық бекіту қарастырылған. Сонымен қатар Тәуелсіздіктің 30 жылдығы аясында «Тәуелсіздік ұрпақтары» ұлттық жобасы талқыланды. Айта кету керек, ұлттық жоба аясында қазақстандық жастардың өзекті мәселелерін шешуге бағытталған реформалар әзірленді. Қосылған реформалардың ішінде НЕЕТ санатындағы жастар санын азайтуға бағытталған шаралар жоспарланған. Бұдан басқа, заң жобасы аясында ҚР Заң жобасының «Жастардың даму индексі» ұғымын мемлекеттік жастар саясатын іске асыру бөлігінде білім беру, денсаулық және әл-ауқат, жұмыспен қамту және мүмкіндіктер, саяси қатысу, азаматтық қатысу, бос уақыт және инфрақұрылымға қолжетімділік, қауіпсіздік сапалары бойынша

негізгі индикаторларды қамтитын жергілікті атқарушы органдар қызметі тиімділігінің көшеті көрсеткіші ретінде толықтыру ұсынылатыны атап өтілді.

Сондай-ақ «Жастар» ғылыми-зерттеу орталығының директоры Аян Сакошев жастардың даму индексі мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарына: мүдделі мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспары және аумақтарды дамыту бағдарламасына енгізу ұсынылатынын атап өтті.

Кездесу қорытындысы бойынша өңірдің жас белсенділері жастардың өзекті мәселелерін қамтитын бірінші қабаттың қосымшасын құру және ЖРО қызметкерлерін жастар мәселесін қарастыратын арнайы комиссиялардың құрамына енгізу туралы ұсыныс білдірді.

Қоғамдық тыңдауларға қатысушылар ұсынылымы кері байланыс алу мүмкіндігі беретін осындай онлайн-кездесулерді тұрақты өткізуді ұсынды.

ПОЭЗИЯЛЫҚ КЕШ



Достық үйінде Славяне этномәдени бірлестігі «Надежда» жастар тобының ұйымдастыруымен ақынның туғанына 115 жыл толуына орай «В гостях у Аннии Львовны Барто» атты мерекелік көш өтті.

Мерекелік шараға Славяне этномәдени бірлестігінің белсенділері, И.В. Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейінің және «Анар бәби» балаларды дамыту орталығының оқушылары, этномәдени бірлестіктердің балалары мен олардың ата-аналары қатысты. Қатысушылар Ө.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасы ұйымдастырған Анния Бартоның кітап көрмесін тамашалады.

Кеш барысында белгілі балалар ақыны, аудармашы, киносценарист және радио жүргізуші Анния Бартоның өмірі мен шығармашылығы туралы слайдтар, бейнероликтер, фильмдерден үзінділер көрсетілді. Балалар мен жасөспірімдер өлеңдер оқыды. А.Бартоның өлеңдерін білуге арналған викториналарға қатысып, ән айтып, оның шығармаларына негізделген көрініс қойды.

ЕКІНШІ РЕТ ЕКПЕ ЕГІЛЕДІ

Коронавирус індетіне қарсы егу жұмыстарының екінші кезеңі үшін Қызылорда қаласына тағы 1000 доза вакцина келді. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Сәбит Пазылов хабарлады.



– 1 ақпан күні «COVID-19» инфекциясына қарсы вакцинацияның алғашқы 1000 дозасы келіп, екпе жасау басталды. 1-17 ақпан аралығында екпе салдырған адамдардың 939-ы медицина қызметкері болса, 61-і өрікті түрде келген. Олар бұған дейін дәрігерлер бақылауында болды. Денсаулық жағдайына шағымының болмауына байланысты араға 21 күн салып екінші дозасын салдыруды бастады, – деді ол.

Жеткізілген «Спутник V» ресейлік вакцинасының екінші 1000 дозасы да қалалық №1, №3 және №6 емханаларда жүргізіледі.

– Өзіміз ерікті түрде 1 ақпан күні алғашқылардың бірі болып вирусқа қарсы екпе еткіздім. Кері әсерін байқамадым. Сол себепті бүгін екпені екінші қайтара салдырып отырмын, – деді басқарма басшысы.


МЕН ЖӘНЕ ИНТЕРНЕТ

Арал аудандық «Жастар ресурстық орталығы» КММ-нің маманы Е.Сабырбайдың ұйымдастыруымен Ұ.Қараманов атындағы №262 мектеп гимназиясының оқушыларына «Мен және интернет» тақырыбында семинар тренинг өтті.

Семинар жастар арасындағы виртуалды әлемнен сақтану, интернетті пайдалану мен зияны туралы ақпарат беру бағытында өтті. Аталмыш шараға оқушылар белсенді қатыса отырып, өз ойларымен бөлісті. Шара соңында оқушыларды сергіту мақсатында ойын ұйымдастырылып, жастарға керемет әсер қалдырды.



АКАДЕМИЯДА БІЛІМ АЛУДА



Онлайн-мектеп Қазақстанның барлық оқушыларынан сапалы білім алуға көмектесетін «Елбасы академиясы» корпоративтік қорының сұранысы не танымап жобасына айналды. Академияның басқарушы директоры Әнуар Жанғозиннің айтуынша, қала қалалар мен ауылдардағы оқушылар арасындағы білім беру теңсіздігін азайтуға бағытталған. Онлайн-мектепте алтыншы және жетінші сынып оқушылары оқи алады, өйткені дәл осы кезеңде олардың пәндік білімі белсенділігі артады. Айта кету керек, жоба аясында қазақстандық және шетелдік қарапайым, сондай-ақ мұғалімдер мен ата-аналардың қатысуымен

ұзақ уақыт бойы пысықтау жұмыстары жүргізілді.

«Өткен жылдың сәуір айында біз онлайн-оқытуды жүргізуге байланысты талдау жұмыстарын жүргізді. Ол барлық оқушылар қашықтан білім алуға мәжбүр болып, қиындықтарға тап болған кезең болатын. Мұғалімдер, балалар мен ата-аналардың басым бөлігі білім алу процесінің бір сәтте өзгеріске ұшырауына дайын болмай шықты. Біз қашықтан оқыту сапасы тақырыбында 100-ден астам тікелей эфир өткізді, нәтижелерді талдадық, барлық тілектерді ескерді және онлайн-мектеп құрдық», – деді Әнуар Жанғозин.


Естеріңізге сала кетейік, онлайн-мектепте оқыту тегін жүргізіледі. Сабақты өзіміздің жетекші педагогтары – НЗМ, РЗММ, астаналық лицейлер мен халықаралық мектептердің 70-тен астам оқытушысы өткізеді. Жоба іске қосылған сәттен бастап математика, ағылшын, қазақ және орыс тілдері бойынша 40 мыңнан астам оқу сағаты өткізілді. Мектепте тьюторлардың қызметі де қарастырылған. Олар оқушылардың сабаққа қатысуы мен үлгерімін бақылаптын, түсіндіру және тәрбие жұмыстарын жүргізетін консультанттардың рөлін атқарады.

ЕЛ БІРЛІГІ БӘРІНЕН МАНЫЗДЫ

Биыл – ел Тәуелсіздігіне 30 жыл. Жылдар бойы жалғасқан азаттық үшін күрестің нәтижесінде ұланғайыр қазақтың даласында бақытты ұрпақ өсіп келеді. Осы орайда бірлік пен татулықты түгел езеуге ұлт өкілдерінің де қазақ еліне айтар алғысы зор.

Жуырда Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Тәуелсіздік бірінен қымбат» атты мақаласы жарық көрді. Ұлттың бүгінгі мен келешегін саралап салған мақалада: «Бізді қай заманда да қиындықтардан аман алып келе жатқан басты құдірет – ел бірлігі. Ынтымағы жарасқан жұрттың қашанда ұлапы түгел. Түрлі жағдайларға байланысты қазақ жеріне әр кезеңде әртүрлі ұлт өкілдері көптеп қоныстанды. Қазақ халқы ешкімді жат көрмей бауырына басты. Бүгінде олардың туған жері де, Отаны да – Қазақстан» деп жазылған. Расында халқымыз қай кезеңде де басқа ұлттың өкілін бауырындай қабылдап, құшақжая қарсы алуға даяр. Сол даладай кең пейіліне орай, елдің шекарасы шегендеулі, тұрмысы тұрақты, халқы бейбіт өмір сүріп келеді. Осындай мамыражай кезеңнің тұтастығын сақтау – бүгінгі бұныға парыз. Себебі қашанда ел бірлігі бірінен құнды болып қала бермек.

Гүлмира ПІРІМЖАНОВА, ҰҚК Шекара қызметі Қызылорда облысы бойынша департаментінің қызметкері



«ИнкГеоГиз» ЖШС
компаниясының директоры
Нуржан Тәженов. Суретті
түсірген Н.Нуржаубай

НЕГЕ АЙМАҚТА АЭРОГЕОДЕЗИЯ ЖОҚ?

Геодезияға «жер қыртысын зерттейтін ғылым» деп жалпы мағына беруге тырысқанымызбен, саланың жауапкершілігі біз ойлағаннан да ауқымды болып шықты. Тұтас есептеуді қажет ететін мамандық жайлы «ИнкГеоГиз» ЖШС компаниясының директоры Нуржан Тәженовтен сұрағанымызда, геодезияның қоғам үшін аса маңызды ғылым екеніне тағы бір мәрте көзіміз жетті.

Бүгінде дамыған мемлекеттердің барлық саласында қолданылатын геодезия негізгі үш топқа: аэрогеодезия, жер қыртысын және жер асты қыртысын зерттейтін геодезия болып бөлінеді. Аэрогеодезия әуеде ұшу арқылы жер бедерін ауқымды көлемде картаға түсіреді. Оған аэрогеодезия, аэросканер сынды арнайы құрылғылар қолданып, 1 м2 жерге 4 млн нүкте жіберу арқылы лазерлік бағытпен есептеу жүргізеді. Жердің беткі қабатын зерттейтін геодезия тау-тас, сай шіні, қазылған орындардың көлемін, жер бетіне орналған барлық құрылыстардың тереңдігі, биіктігі, тегістігі, қысықтығын, ұзындығын, енін түгел қамтып зерттейді. Ал жер астындағы туннель, шахта сынды арнайы құрылыстардың жобасын маркшейдерлер қарастырады. Олар – таудың, жердің астында геодезияның бір саласын алып жүретін мамандар. Осы орайда ғарыштық геодезияның жұмысын да ерекше атап өтуге болады. Екі планетаның немесе күн мен жердің

Бұл өзі бір ғажап
мамандық... Бір қарағанда
атқаратын қызметі журналистерге
ұқсайды. Өйткені қоғамның барлық
саласымен тығыз байланысты. Оларсыз
құрылыстың сапалы болуы қиын, жердің тегістігін
де шамалай алмайсыз. Табысы жоғары, соған сай
талабын орындау екінің бірінің қолынан көлемейді.
Осыдан-ақ өңгіме ауаны геодезистер жайлы екенін
шамалап отыраған боларсыз...

ГЕОДЕЗИЯ: БІЗ БІЛМЕЙТІН БІР ФЫЛЫМ

– KazSat спутниктерінде геодезиялық сигнал беретін арнайы құрылғы жоқ. Мемлекет бойынша геодезиялық жұмыстарды жасау үшін басқа мемлекеттердің (Қытай, Ресей, Америка) спутнигін пайдалануға мәжбүрміз және сол үшін үнемі төлем жасаймыз. Егер елдегі геодезия мен құрылыс саласын дамытамыз десек, құпия түрде жер қыртысын зерттейтін геодезиялық жеке спутнигін жасауымыз керек. Сол кезде геодезистерге қиындық азаяды, қаржы үнемделеді және мұны елдегі барлық маман тегін қоса алады, – дейді компания директоры.

Геодезиядағы келесі кедергіге мемлекеттің еш қатысы жоқ. Геодезист тауда, суда, батпақта да жер таптамай жүре беретін болған соң, ауа-райы, табиғат жағдайы көп жағдайда кері әсер етеді. Жауапты маманға күннің суығында 50 км батпақ жерді кешуге немесе аптап ыстықта шөлге шыдауға тура келуі мүмкін. Бұл енді мамандық тандайтын адамның өз шешімі дегенге сады.

Осы орайда компания директорының саладағы тәжірибесіне қызығушылықпен назар аудардық. Себебі Сырдың сол жағалауындағы барлық ғимарат құрылысында Нуржан Фархадұлының қолтаңбасы бар. Сызуды жақсы көрген ол мектеп қабырғасында бұл пәннен бірде-бір рет төрттік баға алып көрмегені. Бәрі бірдей үздік. Соның арқасында бірінші мамандығын инженер-механик болудан бас тартып, болашағымды геодезиямен байланыстырдым дейді өзі.

Геодезисттің қай салада да жауапкершілігі жоғары. Себебі геодезияның бір қателігі үшін қаншама тұрғын зардап шегуі мүмкін. Геодезист қателессе, ғимарат құрылысы қысық жүргізіліп, соңында құлауы да ғажап емес. Осындай үлкен жауапкершілікті ала отырып және білімді қоғам иілігіне жұмсайтын деген шешіммен 2003 жылы геодезиялық компанияға жұмысқа орналасып, алғашқы жұмысымды бастадым. Негізгі мен білімді болғанды, жаңа дүниені үйренгенді жақсы көремін. Осы мақсатта Ресейдің Краснодар қаласындағы «ИнкГеоГиз» АҚ компаниясының жеке институтына оқуға тапсырдым. Бұл – әуе, жер, маркшейдерлік геодезия түрлерін зерттейтін, 3-4 арнайы геодезиялық ұшақпен қамтамасыз етілген, жылына 5 млрд рубль табатын үлкен компания. Институтта «геодезия және аэрогеодезия» мамандығында білім алған соң, Қазақстанға оралдым. Қазір сол алған білімді ел иілігіне жұмсап жүрген жайым бар. Осы уақытқа дейін сол жағалаудағы, Бәйтерек мөлтек ауданындағы тұрғын үй құрылыстары, басқа да ауылшаруашылық жұмыстары, емхана, мектеп сынды облыс тәңіріңдегі құрылыстардың геодезиялық жұмысын жасадым. Бұл бағытта бізден де басқа геодезиялық компаниялар қызмет етті, бірақ қала тәңіріңдегі құрылыстарға барынша үлес қосуға тырыстым. Қазір геодезияның таңдағаныма шынымен қуанамын. Ол – таусылмайтын ғылым, ізденісте жүретін, жаңа дүниені үйренемін деген адамның таңдауы. Геодезист болу үшін алдымен жауапкершілік, сосын білім қажет. Қазір геодезисттердің табысы өте жоғары. Бірақ маман жауапқа қызылпағаны дұрыс. Себебі бәрі білім деңгейіне байланысты. Мен геодезист боламын деген жастарды қолдаймын және үйренемін деген бұныға әрдайым көмектесуге, Қызылордадағы геодезияны дамытуға барынша тырысамын, – дейді компания директоры.

Тәжірибелі маманның сөзінен кейін аймақта «Бұл мамандық арнайы оқытыла ма?» деген сауалға жауап іздедік. Бүгінде Өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде, Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық зерттеу техникалық университеті және Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде «геодезия және картография» мамандығы ашылған. Ал облыстағы Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде геодезия пәні техникалық мамандықтар құрамында оқытылады.


Лиза ЖҮСПОВА, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің аға оқытушысы, ауылшаруашылығы ғылымдарының магистрі

Бұл өте күрделі мамандық, себебі қоғамның барлық саласында қолданылады. Сол үшін осы мамандықта білім алған жастар жоғары суранысқа ие. Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде геодезия әр мамандықтың құрамында тек пән ретінде бір немесе екі тоқсан бойы оқылады. Бірақ осы уақытта алған геодезиялық білімі арқылы игеріп жүреді. Өзі тексеруге, жобалауға барған барлық саланы үйренеді. Жоғарыда сана мамандарын журналистерге теңегеніміз содан. Бұл – мамандықтың пайдалы бір тұсы. Геодезияның тағы бір артықшылығы, қолыңызда құрылғы болған соң, сіз тек өз біліміңізге сүйеніп жұмыс істейсіз. Ол үшін қосымша зат сатып алып әуре болудың қажеті жоқ.

Қазір геодезия өңінде деген студенттердің қызығушылығы жоғары, өйткені бірінші курста оқылатынын басқа бағыттарға қарағанда бұл пәннің форматы басқаша, күрделі болғандықтан қызықты. Жазғы тәжірибе алмасу кезінде студенттер теодолит, нивелир, электронды тахеометрмен жұмыс жасап үйренеді. Сондай-ақ теориямен ғана шектеліп қалмай, курстық жұмыстар орындайды, – дейді ол.

Р.С. Жыл сайын заманауи, табысы жоғары мамандықтардың рейтингі жаңарып отырады. Соның ішінде геодезия көш бастамаса да, қоғам суранысынан қалған емес. Жоғарыда саланың басты артықшылықтары мен кедергілерін атап өттік. Қиын сала дегенмен, есептеулер мен құрылғылары өз алдына бір қызық. Тек білімнің мен біліктілігің жетсе болғаны.

Гүлдана ЖҰМАДИНОВА



арасындағы арақашықты, траекторияны, координатта мен жылдамдықты білуге арналған геодезияның бұл саласы өз алдына бір қызық. Айта кетейік, біздің күнделікті пайдаланып жүрген мобильді құрылғылар мен телевизияға байланысты спутниктердің бәрі геодезия арқылы есептелген қалыпты координатамен жүреді. Нуржан Фархадұлымен тілдескен бастапқы бірер минутта геодезия жайлы түсінік осылай қалыптасты.

Геодезия барлық саламен тығыз байланысты. Мысалы, құрылыс саласында геодезист жер бедерін картаға түсіріп, алдын-ала жобалау жұмысын жүргізеді. Ғимарат құрылысы басталмас бұрын жер бедері тексеріледі, соған байланысты құрылыс сызықтары сызылады. Осыдан кейін геодезист жобаның бастапқы нүктесін тауып, сызбаны қайта құрылыс алаңына орналастырады. Мұның арнайы есептеулері мен әдістері жүйе координаттары арқылы жасалады. Координатор халықаралық (ендік, бойлық) және жергілікті (X, Y, Z) болып бөлінеді.

Егер ғимарат апатты жағдайда тұрса, оған да геодезист жауапты болады. Өйткені ғимараттың қанша градусқа, қанша сантиметрге, тіпті қанша миллиметрге қисайғанын геодезия арқылы нақтылауға болады. Тек құрылыстағы ғимарат қана емес құбыр, газ, су жүйесіндегі негізгі көлемді, кемшіліктерді де осы сала көмегімен білуге болады, – дейді Нуржан Тәженов.

Бір қызығы, мемлекетаралық теңіздер арқылы газ немесе мұнай таситын үлкен кемелердің командирінде арнайы геодезиялық карта болады екен. Онда кемелің жету нүктесіне дейінгі бұрылу бұрыштары көрсетіледі. Сондай-ақ ұшақ пен әскери мақсаттағы ракеталардың

ұшу траекторияларын білу үшін осындай геодезиялық карталар дайындалады.

Бір өкініштісі, облыста әлі күнге дейін аэрогеодезия қолға алынбаған. Өзірге жер қыртысын және жер бедерін зерттейтін геодезия ғана даму үстінде.

Аэрогеодезиялық құрылғының құны өте қымбат болған соң, екінің бірі қол жеткізе алмайды өрі оны түсіну де оңай емес. Сол үшін оған нағыз мамандар қажет. Ал жер қыртысын зерттейтін геодезияда арнайы құрылғының түрі көп. Әсіресе соңғы уақытта тахеометр мен GPS (Global Positioning System – жаяндық позициялау жүйесі, – red) қабылдағыштары жиі қолданылады. GPS-ті пайдану барысында геодезист спутник көмегімен өзінің тұрған жерін, биіктігін, көлемін анықтай алады. Мысалы, геодезистке бір үйдің аумағын түсіру керек болса, GPS құрылғысы арқылы сол орынды жүріп өтеді. Ол күнне шамамен 20 немесе 30 км жол болуы мүмкін. Тапсырманы орындау барысында геодезист сол аумақты толық жүріп өтуге міндетті, – дейді ол.

ҚҰПИЯ ТҮРДЕ ЖЕКЕ СПУТНИК ШЫРУДЫҢ ПАЙДАСЫ ҚАНДАЙ?

Бұл сала жыл сайын дамып келеді десек те, геодезистке кедергі көп. Біріншіден, мемлекеттік деңгейде қолдау аз. Бірнеше жылдан бері осы салада еңбек етіп келе жатқан Нуржан Фархадұлы геодезистер жұмысын жеңілдету үшін спутниктерді басқа мемлекеттегідей тегін пайдалану біздің елде қарастырылмағанын айтады. Жоғарыда GPS спутниктері сигналды космостан жіберетінін және сол арқылы кез келген нүктеден ақпарат алуға болатыны жайлы қысқаша айттық. Бірақ Қазақстан аймағында спутник қызметін тұтыну әлі де қиын.

ГЕОДЕЗИСТ ГЕОМЕТРИЯНЫ БІЛУГЕ МІНДЕТТІ МЕ?

Геодезия – зерттеулер мен жаңалықты жақсы көретін, үнемі шығармашылық ізденісте жүретін адамдарға таптырмас мамандық. Өйткені сіз күнде бір нәрсені қайталамайсыз. Мысалы, құрылысқа барсаңыз жаңа бір дүниені, келесі бір жұмыс аймағына барсаңыз тағы бір тың дүниені көріп қайтасыз. Олар су, газ, электр, әуе саласымен де тығыз жұмыс істейтін болған соң, қосымша барлық мамандықты игеріп жүреді. Өзі тексеруге, жобалауға барған барлық саланы үйренеді. Жоғарыда сана мамандарын журналистерге теңегеніміз содан. Бұл – мамандықтың пайдалы бір тұсы.

Геодезияның тағы бір артықшылығы, қолыңызда құрылғы болған соң, сіз тек өз біліміңізге сүйеніп жұмыс істейсіз. Ол үшін қосымша зат сатып алып әуре болудың қажеті жоқ.



Геодезист болу үшін ең алдымен адамның математикалық ойлау жүйесі мықты болу керек. Екіншіден, геометрияны, физиканы және Пифагор теоремасын жақсы білумен қатар, қазіргі талапқа сай AutoCAD, CIVIL 3D бағдарламаларын үйренуге міндеттеледі. Себебі бұрын сызбаның бәрі қолмен сызылса, қазір компьютер арқылы дайындалады. Сондықтан бастапқы геометрия мен AutoCAD геодезист үшін өте маңызды. Тригонометриялық функциялар – тангенс (tg), котангенс (ctg), синус (sin), косинусты (cos) жаттап алған дұрыс. Өйткені геодезист адамның қолы жетпейтін арақашықты құрылғы арқылы есептей алу керек. Мысалы, 50 қабатты үй қабырғасының қисайғанын білу үшін геодезист ғимарат төбесіне ұшып бара алмайды, сол себепті жерде отырып тангенс арқылы есептейді. Сондықтан геодезист үшін геометрияны білу – бірінші талап, – дейді Н.Тәженов.



KAZSAT company

МАХАББАТ МҮҢЖИЗАСЫ



Болат пен Айну

Бір ертегіде кестелі орамалға салынған қыздың суретіне ғашық болған Сандыбат деген ер ғажайып жанды табамын деп көмеге мініп әлемді шарлап кететін еді. Сол сорлы теңіздің таудай толқындарына кеміліп, одан кейін небір жабайылар мен жаналғыштарға жолығып, сан азапты бастан көшетін. Біздің бүгінгі тақырыбымыздағы екі оқиға да – осы замандікі. Бірақ оларды ертегі елімен жалғайтын бір нәзік тіп бар. Ол – сую, ол – махаббат мұңжизасы.



Марлен мен Әнел

Дүйсенбек АЯШҰЛЫ

Ақтөбелік Айну Сүлейменова мен тараздық Болат Көрентаев Лондондағы Кардиф университетінің магистратурасында бірге оқитын.

2005 жылдың желтоқсанында Англиядағы Рождество мерекесіне байланысты демалыс беріліп, екеуі елге қарай бет түзеді. Олардың отбасын құруға қатысты жоспарын ата-аналары да білетін.

Лондоннан шыққан әуе кемесі Бакуге келіп қонады. Сол жерден екеуі Ақтуды бетке алған кесіп ұшаққа отырады. Дүжандық көтерілген ұшақ жарты сағаттан соң апатқа ұшырап, Каспий теңізіне құлап түседі. SOS дабыл қағып, сүнгүірлер теңіз астынан жолашушыларды алып шыға бастайды. Олар құшақтары ақырамаған күйі қатып қалған қыз бет жігіттің мұнарын көргенде жағалауын ұстайды. Әмірдің ақыры сәт таңғанын сезген екі жас бір-бірінен ажырамау үшін құшақтасып, өздерін орындық белбеуімен шешілмейтін байлап тастаған екен. Бұл қос мұңлық Айну мен Болат еді.

Не деген ерлік! Ақыретке, Алпаға, екініші өмірге сенудің ерері үгілісі! Олардың жаны да, ары да кіршіксіз еді. Ғазиз жандар сол сәтте күлгі ғашықтарға аяқтасып, өздері орындық ақырамау үшін құшақтасып, өздерін орындық белбеуімен шешілмейтін байлап тастаған екен. Бұл қос мұңлық Айну мен Болат еді.

Не деген ерлік! Ақыретке, Алпаға, екініші өмірге сенудің ерері үгілісі! Олардың жаны да, ары да кіршіксіз еді. Ғазиз жандар сол сәтте күлгі ғашықтарға аяқтасып, өздері орындық ақырамау үшін құшақтасып, өздерін орындық белбеуімен шешілмейтін байлап тастаған екен. Бұл қос мұңлық Айну мен Болат еді.

Екеуі екі әулеттің жанбай жатып сөнген үміті еді, қиялдағы қазға оларды сөнген көрмеген, білмеген мыңдаған жандардың қайғырасы қайтты. Содан бері 15 жылдан

астам уақыт өтті. Амандары бұл дүниеде орындалмаған ғашықтардың ата-аналары өздерін Құдай қосқан құдамыз деп санайды.

2008 жылы Болаттың ата-анасы жән-жаралғыларымен Ақтөбеге барып, қыз жағы Таразға келді. Әмірде балалары болмаса да, қазақтың құда түсу дәстүрі түгел орындалды.

Арұпап ақыреттік рәсімін жасағанда да құшақтары ақырамай кеткен жастарды бірге жерлейін деген ортақ ой болыпты. Ал имамдар тірі кезінде некесі қиылмағандықтан оларды бірге жерлеу шариғат заңына қайшы келеді депті. Ессоніе Ақтөбеді Айнуға Таразда Болатты жерлеу рәсімі бір күнде, бір сағатта өткізіліп, ысырат сапарына бірге аттанады.

Сағ сезімнің символына айналған қос мұңлықтың өсімін есте қалдыруға қатысты көп іс қолға алыныпты. Олардың алды болып екі жас білім алған Ұлыбританияда жоғары оқу орны қыршын кеткен қос ғашықтың құрметіне орай үздік тәлімгерлерге арнап «Айну мен Болат» атындағы стипендия тағайындаған. 2007 жылы Айну мен Болаттың өсімін есте қалдыру мақсатында Тараз қаласында олардың атымен «Ғашықтар аллеясы» ашылып, осы аллеяда «Махаббат символы» монументі бой көтерген. Оның таңғырына Абайдың, Мұқағалидың махаббат туралы өлеңдерінен алынған шумақтар қашалып жазылған.

Жасыратыны жоқ, біраз жас әлі күнге дейін 14 аяңдап «Валентин күні» деп атайды. Ал Талғар ағтөбесіне және мекендері колледжінде оқитын жастар бұл күнді жыл сайын «Болат пен Айнуға еске алу күні» деп түрлі шаралар ұйымдастырып, атап өтеді. Сондай-ақ бұл оқу орынында да үздік оқушыларға Болат Көрентаев және Айну Сүлейменова атындағы стипендия беріледі.

Енді Марлен Нұрсәтенов пен Әнел Муратованың әңгімесіне келейік. Олардың достығы 16 жастан басталған екен. Екеуі Құстары қаласындағы бір мектепте оқыған.

Марлен тоғызыншы сыныптан соң Ақтөбе қаласындағы колледжге оқуға түседі де, Әнел мектептегі оқуын жалғастырады. Арапары алғашымен албырт сөзім сұймайды.

2009 жылы Әнелдің өкісіне салқын тиіп, осыған сай оған Қарағандыда ота жасалатын болады. Бойкеткен өз дерті жайында Марленге айтпай тұра алмайды. Белгіленген уақытта Әнел мен анасы пойызбен Қарағандыға қарай атылады. Пойыз Ақтөбе облысының Қандыағаш стансасына тоқтағанда, күнге Марлен кіріп келеді. Ол Әнелдің анасына сабағынан қашып кеткенін айтады, қандай жағдайда да Әнелдің жанында болайын дейді. Балаң жігіттің жанарындағы қайтпас қайсарлықты көрген қыздың анасы рұқсатын береді, сөйтіп, ол да соң пойызбен кетеді. Оқуын тастаған Марлен Қарағандыда уақытша жұмысқа орналасады.

Жұмыстан шыға салысымен ауруханаға барып, жағдайының жаңынан табылады. Сол кезде оны медиктерлер ауруханаға кіргізбей әуеленген. Олардың бәрі орыстар екен. Ал Марлен солардың тілін тәуір үшін бір аптада орысша сұйы сөйлеп кеткен. Ақырында ауруханаға түніп қалған кездері де болған.

Әнел отадан соң ауруханадан шығады, бірақ оған әлі ұзақ емделу қажет болатын. Түгіт Мәскеуден келген дәрігер қыздың өмір сүруге отыз пайыз ғана мүмкіндігі бар деп кесіп айтты. Себебі, бір әкесі ота арқылы алынып тасталғандықтан, Әнелге оттегі баллонысыз жүру мүмкін емес-ті. Соны білетін Марлен қара қашығына оттегі құтысын салып жүреді. Әнелге өмір сүру үшін тапшы, күресу қажетін айтып, үнемі жылы сөздерімен қуат береді. Осылай жеті жыл бойы ол сүйгенінен бір елі

ажырамайды.

О, құдіреті күшті Құдай, барлық жақсылық сенің рахымыңда! Жеті жылдан соң Әнел өкте дертін жеңіп, жаңа бір өмір бастайды.

Бір журналист Әнелден тірі қалуына не көмектесті деп сұрапты. Біздің тілшілер де қызық, сол сөзін «дерті жеңіл шығуына» деп ауыстырса да болар еді, сонда ол былай депті: «Ұйқымадан оянып кетсем, Марлен тізерлеп сөйлеп отыр екен. «Сынап жатқаныңды білемін. Тек бұлай қатты сынамашы». Әнелдің ауырығанына шұдай алмаймын...» Өлеуде біреумен сөйлесіп отыр ма дегенім. Сөйтсем, Құдаймен сөйлесіп отыр. Тұра көріп тұрғандай. Марлен осылай Жаратқанға жалбарынып жүргенде мен неге өмір үшін күреспеймін дедім, өзіме өзі сенімді бола бастадым».

Бірақ, бірақ... дәл осы сұлу сөйлемнен кейін келген «бірақпен» қандай сұрықсыз екенін білсез бе?

«Алпа құсты сүйгеніс орман жасап, құсты сүйген адамдар тор жасады» деп ақындар айтпақшы, бірақ дәл осы уақытта бір кісінің белгісіз өліміне Марленді кінәлаған құдық қорғау орындары оны қудалауға түседі. Жеті жыл бойы мығына ғана емес, жүргеніне салмақ салып, ғашықтың бір жұтқын ауасын арқапал жүрген Марленнің кімде кемі кетті?


Оңш Ернар Айдар «Күнім, сен сөнбейсі» деп аталатын бейнебаянына осы қос ғашықты кейіпкер етіп алады. Сол хикаятты көріп жаңың жыйлайды, ал әлі бір оқиғаны естігенде өсіңнен тана жаздайсың.

Жеті жыл бойы құлшылық жасап, бір жаңың өмірін тілеген Бейкүне махаббат несінің біреуге қастандық қылды мүмкін бе? Мұның әділдігін қазыларға қалдырмай. Бізді бұл екі жұстың ғашықтығы мен күрескерлігі тәнті етті. Мәңгі бұларға да Сандыбат секілді талай сұмдықты жеңіп өту жолы бұйырып тұрған шығар.

ДЕРЕК ПЕН ДӘЙЕК

КЕҢЕС ОДАҒЫНАН ҚАШҚАНДАР

XX ғасырдың екінші жартысында әлемдегі ең алып екі өл – АҚШ пен Совет Одағы арасындағы байланыс салқындап, тарихта «қырғи-қабатқосыс» деп аталатын кезең туып еді. Екі жақ та қарбалас қаруланып, құпия барлау қызметтері қарсыластың қарсыластың ескері-техникалық құпиялары жайлы жанталаста дерек іздеді. Ескері басымдыққа жету үшін қос тарап та ақшаны аяған жоқ. Егер КСРО экономикасы түралап, тартап кетпегенде бұл салқындақ қаншаға созылары да белгісіз еді. Біз бүгін жарты әлемді ұсынында ұстаған сол КСРО-дан қашып, өзге елден тұрақ тапқандар жайлы айтуды жөн көрдік.



1. **Станислав Курилов** «үлкенге» Одақтан қашып, өзге елден бақ іздегендердің басында Владивостоктың теңіз биология институтында нұсқаушы болып қызмет істеген Станислав Курилов тұр. Оның бар арманы шетелге шығу болғанымен де КСРО-ның «қызыл шарбағымен» аттап кету оңай шаруа емес еді. Бірақ оның да сөті түсті, 1974 жылы желтоқсан айында ол

«Советский Союз» лайнерінің крика туралы жарнама көреді. Владивостоктан басталатын сапар оның жоспарын жүзеге асыратын бірден бір жол еді.

Жалпы Орджоникидзе қаласында туған Славаның өмір жолы қызық. Балапанын Қазақстандағы Семейде өткізген ол 10 жылында Ерлістің әрі-бері көсіп өтетін жүзігі болыпты. Кішкентайынан әлемді шарласам деген баланың талабына әкесі Анджелинан шетел азаматына тұрмысқа жығып тұсау салыпты. Үнді азаматына күйеуге шыққан әйелі алдымен Кеңес Одағымен дос Үндістанда, кейінірек капиталистік мемлекет Канадаға қоныс аударады. Осыдан кейін бұл әулеттегілер шетелге шығуға тыйым салынады.

Тәжірибелі Курилов бәрін мұқият есептеп, 13 желтоқсанның түнінде көме артынан сұға секіреді. Филиппиннің Сиараг аралына дейінгі жүз шақырымды жүзіп өтті.

Филиппиндіктер Куриловты Минданаоның Каганан-де-Оро қаласына алып кетіп, осыдан кейін ғана халықаралық БАҚ оның қашып кеткені туралы жаза бастады. Филиппин билігі қашқынды Канадаға депортациялады. Онда ол тыңшыларға жұмыс орналасты, ал ағылшындықтарға үйреніп алғаннан кейін көп ұзамай теңіз зерттеулерімен айналысатын канадалық және американдық компанияда жұмыс істеді. АҚШ-қа іссапарының бірінде ол израильлік жазушылар Александр және Нина Боронелемен кездесті. Кейін олардың танысы Елена Ганделевамен жолылып, онымен бас құрады. Үйлену тойынан кейін Станислав Израильге қоныстанып, мұхиттану институтына жұмысқа орналасты. Басынан өткен оқиғалар жайлы «Мұхитпен бірге-бет» атты кітап жазған ол 1998 жылы 29 қаңтарда балық торларына ілінгіп қалған сү астын зерттеу жабдығын босату кезінде қайтыс болды.

Айтпақшы, Курилов сатындық жасағаны үшін КСРО-да сырттай 10 жылға бас бостандығынан айырылды.



2. **Виктор Беленко** 1976 жылы 6 қыркүйекте МиГ-25П истребителімен ұшқан кенестік ұшықш Жалонияға қонып, Америка Құрама Штаттарынан саяси баспана сұрады. Бұл 27 жастағы Виктор Беленко еді. Ал Кеңес Одағының

Миг-25П ұшағындағы жабдықтар шетелдер үшін де астынан табылған мол олақа болды. Жақсатта әуежайына қонған ұшақты жапон және АҚШ мамандары мұқият зерттеп, КСРО-ға тек 2 айдан кейін ғана қайтарды. Ал Виктордың өзін бірден АҚШ-қа жіберді. Бұл кезде КСРО билігі кеңес ұшағының Жапония әуежайына амалсыздан қонығын, ұшықшыты АҚШ-қа еркінен тыс алып кеткені жайлы кезекті өтірігі айтты.

Бұған дейін ұшықш бірнеше рет рейс персоналының тұрмыстық жағдайына қынағаттаныпайтын, КСРО мен АҚШ ұшықтарының жағдайы бірдей емесін айтпай жүреді екен.

КСРО-да Беленко оспасынды жасағаны үшін сырттай өлім жазасына кесілді, ал АҚШ-та президент Джими Картер ұшықшыға азаматтық беру туралы рұқсатқа өзі қол қойды. Бірақ бұған қарамастан, көптеп өмір ойдағыдай болмады.



3. **Николай Гилев пен Виталий Поздеев** 1970 жылы 27 қазанда Керч – Крассандар бағытындағы «әуе тасқыны» рейсіне немере ағайынды 21 жастағы Қырым медициналық институтының студенті Николай Гилев пен Севастополь аспан жасау институты Керч

филиалының 20 жастағы студент Виталий Поздеев билет сатып алды. Төрт орындық Moğava L 200 ұшағы көтерілгенде екеуі ұшықшыларға қойыл-тоқы көрсетіп, Ставипуга ұшуға бұйрық берді. Ұшақ Түркияға сәтті қонып, бірақ бақыт аяқталған жоқ. Студенттер бірден АҚШ-тан саяси баспана сұрағанымен олардың талабына құлақ аса қойған ешкім болған жоқ. Түркияда АҚШ елшілігінен бір жылдай хабар күтті, жанді жауап естігеннен екеуін туыстарының хаттарын ала келген ТАСС тілшісі елге оралуға көндірді. Елге келгенін екеуі 10 және 12 жылға сотталды.



4. **Петр Пирогов пен Анатолий Барсов** 1943 жылы 9 қазанда ұшықшытар Колумбия авиабазасынан Австрияға КСРО ӘӘК Тү 2 бомбалаушы ұшағымен ұшты. Американдықтар оларға саяси баспана берді, содан кейін Пирогов әзірше аяғын таңдап отырып, дәрістер оқып, мақалалар мен кітаптар жазу бастады. Кейін ол

АҚШ әскери-әуе күштерінде жұмыс істеуге көшті, үш жылдан кейін Австриядан қашып келген отандасына үйленді. П Барсовтың жанар өкінішпен қарап отырғандай ұшықшылар бәрін. Өзінің мұнда өшімге керексіз екенін сезінген ол басын тауға да, тасқа да, шетіне, ішімдікке салынады. Кейін рақымшылыққа үйленіп елге оралғанымен, алты айдан соң ату жазасына кесілді.



5. **Сергей Немцанов** Олимпиадаға аз уақыт қалғанда 17 жастағы Немцанов Кеңес құрамының (Канада - АҚШ - Мексика) құрамына Канакемс турнирінде жеңіске жетті. Олимпиада ойындарында дайындалу кезінде спорты АҚШ-тың 21 жастағы севірушісі Корри Линдермен кездесті. Кейін басыласыз Сергейдің қашып кетуіне итермелеген жастардың


романтикалық қарым-қатынасы деп жазды, бірақ қыздың өкесі бұл фактіні жоққа шығарды. Бірақ Монреаль олимпиадасында Сергей Линдермен тек танылғаны ғана емес, қарым-қатынасы да болды. Осы сапарында иммиграция офицерімен кездескен жас жігіт Канададан саяси баспана сұрай бастады.

«Монреальды айналып өтіп, біа қала маңындағы вилаға жеттім, сонда мен теледидардан олардың барлық арналардан кеңес спортшысы Сергей Немцановты көріп отырғандай таңданды деп айтқаным көрдім. Арта шегініс жоқ, осында қалғып келетінім көрсет, сонда мені болашағын қамтамасыз етіледі дегендер көп болды. Келесі күні канадалық адвокаттар келіп, менің 18 жасқа толмағаныма қарамастан, тұруға іс жүзінде рұқсат берді. Бірақ олар шешім жасауа дейін бір таспаңы тыңдаудымды өтінді. Онда әкемің: «Мені кімге қалдырдың, мен жалғыз қалдым» - деп қатты жылағанын естідім» дейді кейін осы кезеңді еске алған спорты.


Сергей КСРО-ға оралды, онда оған ешқандай санкциялар қойылмады және институтты бітіруге рұқсат етілді. Оның жаттықтырушысына шетелге шығуға шектеу қойылды, ананымсыз айырылсыз кеткен өкесі Венгриядағы қызметінен қайтты. 1979 жылы Немцанов КСРО чемпионы болды, оған халықаралық жарыстарға қатысуға тыйым салынды және біраз уақыттан кейін ол спорттан бірқала кетті.




6. **Игорь Иванов** 1980 жылы КСРО-дан қашқандардың қатарына шахматшы Игорь Иванов қосылды. Бір жыл бұрын 32 жастағы шахматшы Анатолий Карповты жеңіп, Кубада өткен халықаралық Калпабанада турнирінде қатысуға жолдана алған еді. Құбадан Ресейге қайтып бара жатқан сапарда МҚК офицерінің көзіне ала беріп, Канадаға жанармай құюға қонған ұшақтан түсіп қалды. Қолында қалта шахматты бар ол ұшу-қону жолына



шығып кетіп, саяси баспана сұрады. Монреальда тұрақтанған шахматшы төрт рет Канада чемпионы аталған жеңіп алды және халықаралық турнирлерде осы елдің атынан шықты. АҚШ-тағы коммерциялық турнирлерде қатысушысы болды. 90-шыны жылдардың басында Иванов Канада азаматтығын сатай отырып, Америка Құрама Штаттарына көшіп кетті, ол жерде өзін жаттықтыруға арнады. Белгілі спортшы 2005 жылы қайтыс болды.




7. **Александр Могильный** Хокейші 1989 жылы құлаған Кеңес Одағынан қашып кетті. 20 жастағы спортшы КСРО-да жеңіске жеткен Әлем Кубогының кеңіс Стоктольмдегі қонақ үйден кетіп, АҚШ-тан баспана сұрады. АҚШ тарапының мақұлдауымен кейін хокейші «Бүффало Сейбрс» сапында ойында.




Мен Мәскеуде қайыршы болғандықтан кетіп қалдым. Менің шын мәнінде түгіл бір елге де болған жоқ. – дейді жалаң елге кеткен Александр Могильный. – Мен Олимпиада чемпионы, әлем чемпионы, КСРО-ның үш дүркін чемпионы болдым. Осындай атынан бола тұра құрқытайды ұқсындай да баспанам болған жоқ. Мұндай өмір кімге керек?



ҰХЛ-дан Бірінші ойында Могильный матчтың 20-сыны секундында шайба соқты, ал 1992/93 маусымда ол ҰНХЛ-дің ең нәтижелі шабуылшысы болды.



8. **Өвешкиндер отбасы** 1988 жылы 8 наурызда музыкалтан отбасы Иркутск – Қорған – Ленинград бағытында жолашулар ұшағын басып алды. Бұл Кеңес одағы тарихындағы ең бағыт және еркін еді.



Осы оқиғадан 1 жыл бұрын шетелге гастрольдік сапармен шыққан «Семь Симеонов» джаз тобы құрамындағы отбасы мүшелері Жапонияға аялдап, Кеңестер Одағынан кету туралы шешім қабылдады. Бұл оиды Нинель және оның 10 баласы осы Иркутск – Қорған – Ленинград бағытында сапар кезінде жүзеге асыруды ойластырады. Ұшаққа отырысу кезінде көп жүгі мұқият тексерілерге, бұл қылмыскерлерге музыкалық аспаптарда жасырылған екі мылтық, 100 патрон және қолдан жасалған жарылғыш заттарды алып өтуге мүмкіндік берді. Ұшаққа отырғанын ағайынды Өвешкиндер өшімге орнынан қозғалмауды, бағытты Лондонға бұруды бұйырды.

Бортинженер Инокентий Стукалов Лондонға ұшуға жанармай жетпейтінін айтып, Финляндияға қонып, жанармай құйып алу туралы ұсыныс айтты. Террористердің мұнымен келіспесіне амалы жоқ еді. Бірақ ұшақ фин шекарасына жақын Вешеве әуежайына қонды.

Келіпте алғандарды босату операциясы сәтсіз аяқталды. Барлығы тоғыз адам қайтыс болды: бес террорист (Нинель Өвешкина және оның төрт ұлын ұлы), стюардесса Тамара Жарская және үш жолаушы. Оң тоғыз адам жаралат әлсіз (ағайынды Өвешкиндер, екі полиция қызметкері және 15 жолаушы). Өвешкиндер Выборг жаңындағы зиратта сандармен көрсетіліп белгісіз қабірілерге жерленді.

Аударған Ерхан АҚЫН

Ерте жүктілік деп 13-19 жастағы жүктілікті айтамыз. Бұл кезде қыздарда бойжеткен кезеңі – гормоналды ауысу кезеңі басталады. Бұрын ерте жүктілік жағдайы төмен отбасыларында болады деп есептелген, бірақ қазір бұл пікір өзгерді. Себебі тұрмыс жағдайы жақсы отбасында өскен балалардың көбі жауапкершілікті сезінбейді.

Бұл жабдық тақырып емес

Көбіне ата-аналар балаларының сексуалды өміріне араласқысы келмейді. Мұны бұқаралық ақпарат құралдарынан, интернеттен біледі деп ойлайды. Алайда қызбен де, ұлмен де ата-ана ашық әңгімелесіп, ерте жүктіліктің алдын алуды қамдау керек. Контрацепция құралдары, контрацепция жайлы кітаптар алу жеткілікті емес, ең бастысы, оны қолдануды әдетке айналдыру маңызды. Сондықтан қаламаған ерте жүктілік – жиыныстық тәрбиенің дұрыс жүргізілмегенінің нәтижесі деп сеніммен айтамыз.

Ерте жүктіліктің қауіп-қатері бар ма? Өрине бар. Біріншіден, жүктілік кезінде жүрек-қан тамыр жүйесіне, эндокриндік жүйеге және т.б. қосымша жүктеме түсетіні белгілі. Ал бойжеткеннің әлі толық қалыптаспаған ағзасына

одан да ауыр жүк түседі. Жас ана жүктілікті физикалық көтере алмайды. Жас анада таңдау тұрады: аборт жасау немесе баланы қалдыру. Бұл арқылы өзін және нәрестені қауіп-қатерге тігеді. Толық қалыптаспаған ағза жүктілікті және босануды көтере алмауы мүмкін, сондықтан мерзімге келетпеген нәресте немесе денсаулығында кінәраты бар бала тууы мүмкін. Ерте жүктіліктің бірден бір себебі отбасындағы көтере алмауы мүмкін, сондықтан мерзімге келетпеген нәресте немесе денсаулығында кінәраты бар бала тууы мүмкін. Ерте жүктіліктің бірден бір себебі отбасындағы көтере алмауы мүмкін, сондықтан мерзімге келетпеген нәресте немесе денсаулығында кінәраты бар бала тууы мүмкін.

алдын-алудың бір жолы – контрацепция. Екіншіден, психологиялық мәселе. Жүкті екенін білген қыз оңашаланады, өзі үлкен мәселелерді шеше бастайды, яғни ерте есейеді. Үшіншіден, әлеуметтік мәселе. Қазіргі қоғам ерте жүктілікке қарсы, көбіне екінші бірі сөгеді, тапқылайды. Қыз бала ата-анасына айтуға қорқады, я болмаса оқу орнын тастайды. Білімі жоқ болған соң дұрыс жұмысқа орналаса алмайды. Баланы және өзін бағу үшін жеңіл жүрісті өмір бастайды, олардың көбі екінші қайтара жүкті болып жатады. Ең бастысы, ата-ана қандай жағдай болса да өз тарапынан қолдау көрсету керек. Бүгінгі күннің трагедиясы тәрбиеден басталып жатқан жайы бар. Біз көз

жұма қарап жүрген бұл өзекті мәселенің мән-жайынан қалың көпшілік хабардар. Өрімдей жас қыздардың басына түскен қасірет оның өмірінде сызат қалдырады. Ерте жүктіліктің ертеңі қандай? Қазақстан зерттеу агенттігі жүргізген сауалнама қорытындысына сүйенсек, қазіргі таңда 16-17 жастағы қыздардың 30%-ы жыныстық қатынасқа түскен. Ерлі-зайыптылардың 75% қуанышы алғашқы сәбіне арналатынын ескерсек, қоғам уят не жазық тақырып деп қарайтын бұл мәселеде қыздарды балалықтан да, ана махаббатынан да ерте айырып алуымызды айқын түсінугіміз керек. Ең бастысы, бұл – адам тағдыры.

Айгүл ТҰРАРҚЫЗЫ,
педагог-психолог

ОН БІРІНШІ СЫНЫПТЫҢ ОЙТОЛҒАМЫ НЕМЕСЕ ҰБТ-ҒА ЖАҢАША КӨЗҚАРАС



Мектепке алғаш аяқ басқан күнім әлі есімде. Сыныптастарыммен, яғни қазір екінші отбасыма айналған құрбы-құрдастарым таныстым. Бала-лық шағымыздың ең қызықты күндерін бірге мектепте өткіздік. Өте ыстық, әрі керемет көздер еді.

Осы бір керемет сәттерді осыншалықты тез өтіп кетеді деп ойламаппыз. Иә, алтыншы, жетінші сыныпта оқыл жүргенімізде, он бірінші сынып оқушыларына қатты қызығатынбыз. «Біз қашан осылардай үлкеніп, мектеп бітірер екенбіз» деп армандаушы едік. Қарап отырсақ, уақыт зулап өтіп, сол арманға жетіліп. Талай жылды арқа тастап, он бірінші сынып оқушысы болыппыз ғой. Аз уақытта алтын ұямызбен қоштасамыз. Жаңа да жауапкершілігі мол өмірге аяқ басамыз.

Дәл қазір алдымызда он бір жылдық білімімізді сынайтын үлкен сынақ – ҰБТ бар. Бұл – үлкен жауапкершілік. Қанша уәдкі оқысаң да, осы сынаққа келгенде көңіліңде бір қорқыныш болары сөзсіз.

ҰБТ-ны барлығы үлкен сынақ ретінде ғана көреді. Сол үшін көңіліңде үрей болады. Үрейден бұрын оны жақсы жағынан қарау керек. Мысалы, жаңа өмірге алғашқы қадам, алған біліміңнің жемісін сезінетін сәт, жақсы ұлай жинау арқылы қалаған мамандықтың иесі болу, т.б. деген сияқты. Сонда ғана табысқа қол жеткізуге болады. Өрине, мұны осылай айта салу оқиға. Себебі бұған арғым әртүрлі қарайды. Жалпы кез келген нәрсеге жақсы тұрғыдан қарай білу керек. Жақсы сөз – жарым ырыс!

Барлығымыз білетіндей, ақылы бөлімге түсісі келетін талапкер бірінші ҰБТ-дан қаңтар айында өтеді. Бұл кезде барлығы өз білімін бір сынап көргісі келеді ғой. Сондықтан мен де тапсырып көрдім. Сол күні қатты қобалжыдым. Алайда ғимаратқа кіріп, өзім секілді оқушыларды көргенде қорқынышым басылды. Ал өзім білетін сұрақтарды көргенде, менен бақытты жан болмады-ау. Адамның аузынан қандай сөз шықса, сол болады екен. Менің өзімнің ойлаған, өзім қалаған балды алдым. Соған қуаныштымын. Өрине сынақтың оңайы жоқ. Бірақ ұмытпаған жөн: бұл сәздің соңғы сынағыңыз емес және сізде әлі де мүмкіндіктер көп! Тек оқудан, ізденуден жалығпаныз. Сөз соңында, айтқым келген: ҰБТ-ға кіретін кезде үш досыңыз жаныңызда болу керек. Олар: алған біліміңіз және өзіңізге деген сенімділік пен шыдамдылық. Ең алдымен мидың қорқыныштан арылу керек. Бір сәттілік қорқыныш бәрін өзгертпейді: ойыңызды шырмап, білгеніңді ұмыттырмай, сондықтан қорқынышқа бой алдырмаңыз! Ұлы Абай ағамыз айтқандай, «Өзіне сен, өзіңді алып шығар, еңбегің мен ақылғың ең жақтан». Өзіңізге сеніңіз! Барлығы жақсы болады. Барша бітіруші түлектердің алдағы сынақтан сәтті өтуіне тілекшімін.

Әнел МӘДИ,
№3 мектеп-лицейдің
11 сынып оқушысы

COWORKING: ЕРКІН ҚАРЫМ ҚАТЫНАС


«Балаға өз бетімен зерттеуге мүмкіндік туғызған сайын одан әрі жақсы оқи түседі».

ҚР Білім туралы заңына мемлекеттік саясат негізінде ең алғаш рет әр баланың жеке қабілетіне қарай интеллектуалдық дамуға, жеке адамның дарынын дамытуға, т.б. сынды өзекті мәселелер енгізілді. Әйткені ғылым мен техниканы, өндірісті қазіргідей өлемдік деңгейде дамыту үшін елімізге шығармашыл, білімді, жоғары дайындығы бар білікті мамандар қажет. Ал ондай мамандар дарынды балалардың ішінен шығады. Осы орайда баланың тұлға ретінде дамуы үшін еркін қарым-қатынастың маңызы зор.

Еркін қарым-қатынас оқушылардың жан-жақты дамуын, еңбекке шығармашылық қатынасын, өмірлік азаматтық белсенді позициясын қалыптастыруға және адамгершілікке тәрбиелеуге, рухани құндылықтарды бойға сіңіруге ықпал етеді. Мұнымен қоса оқушылардың мамандық таңдауына кәсіби бағдар береді.

Біз өз мектебімізде зерттеу ісіне қызығушылығы бар балалар мен мұғалімдерге қолдау көрсету мақсатында еркін қарым-қатынасты таңдадық. Мәселен, оқушылар қоршаған ортамен таныса отырып, өзіндік зерттеу әрекетінің нәтижесінде жаңа білімді дайын күйінде емес, өзі ашады. Оқушыны ғылыми-зерттеу жұмысына қатыстыру үшін, әулеті қызықтыра отырып, зерттеу талабын қалыптастыру керек. Ол мектепте жүрген кезінде қоғам мүшесі екенін сезініп, өз бетінше шешім қабылдауға, ақпараттар алуға, оны басқаларға жеткізе білуге, әдебиеттермен жұмыс істеуге, баяндама жасауға, талдау жасауға, басқаларды тыңдауға үйренуі керек. Оқушының талабын, қызығушылығын аңғармай тұрып, оған баяндама жазуды тапсыруға болмайды. Сондай-ақ топпен жұмыс істеп үйренбеген баланы

аудитория алдында сөйлеуге мәжбүрлеуге болмайды. Баланың зерттеуге деген қызығушылығын туғызу үшін еркін қарым-қатынас қажет. Осы орайда өзімізге белгілі мектеп кітапханаларының жанынан coworking орталықтары ашылу үстінде.



Coworking орталықтары – тыныштықта жұмыс істеу мақсатында тұтынушыға жеке орын бере отырып, өз бетінше немесе ұжымдық жұмыс жүргізуге жағдай туғызу орны. Кітапхана тұтынушысы кәсіби әдебиеттер мен басылымдарды, сонымен қатар басқа материалдарды пайдалана отырып ізденеді. Ең маңыздысы, тыныштықта жұмыс істейді. Coworking орталықтарының басты бағытының бірі – медиатика. Медиатиканы ұйымдастырудың негізгі шарты – әртүрлі жастағы тұтынушыларға қажетті ақпаратты жеткізу ғана емес, олардың

түрлі шығармашылық жұмыспен айналасуына мүмкіндік туғызу. Медиатика құрамына тек кітапханалық қор ғана емес, әртүрлі ақпарат көзі: бейне, дыбыстық қор, электрондық оқулық, т.б. кіреді. Сондықтан еркін қарым-қатынас кеңістігі бұл – coworking орталықтар. Онда мектеп кітапханашысы қаталогпен, ғылыми ақпаратпен жұмыс істеуді үйренеді. Мектеп кітапханашысы оқушының интеллектуалдық білімі мен коммуникативтік мәдениетін дамытады. Егер біз оқушының бойынан өз ойын нақты жеткізіп, өз ісінің дұрыстығын дәлелдей алатын, пікірталасқа еркін түсе алатын қабілетін ашықмыз келсе, онда олардың интеллектуалдық және коммуникативтік қабілетін дамыту қажет. Психологтың осы орталықта баламен жұмыс жүргізу оқушының дұрыс сөйлеуіне мүмкіндік береді, қарым-қатынастың мәнін сезінуге үйретеді.

Еркін қарым-қатынас орталығында оқушыларға түрлі шығармашылық конкурстар өткізуге, ғылым шері, викторина, кеш ұйымдастыруға болады. Бұл әр оқушының қызығушылығын арттырып, зерттеу және эксперимент жұмыстарына көбірек қатысуына мүмкіндік береді. Сонымен қатар ата-аналармен де шеберлік дәрісі, дөңгелек үстел, сұхбат кеші ұйымдастырылады.

О.Балзактың «Удамы еңбек ету – өнердің де, өмірдің де заңы» дегеніндей, оқушылардың шығармашылық қабілеті мен белсенділігін арттыру ісі мұғалімді үнемі ізденуге міндеттейді. XXI ғасыр – білімділігі ғасыры. Ендеше бізге өзі еркі жоғары дамыған, зерделі, жан-жақты, парасатты ұрпақ керек екенін бір сәтте естен шығармаған жөн.

Гүлбаһар ӘЛИЕВА,
Жағалау ауданы,
Ақсу ауылы

ЖОЛДА ЖҮРУ ЕРЕЖЕЛЕРІ



Қазақстанның жол қозғалысы ережелері республика аумағындағы жол қозғалысының бірыңғай тәртібін белгілейді. Жол қозғалысына қатысты нормативтік актілер осы ережеге негізделеді.

Жол белгілері көлік қозғалысын реттеу және көлік жүргізуші мен жаяу жүргіншіге жол жағдайы жөнінде ақпарат беру мақсатында көше мен жол бойына қойылатын белгілер. 1998 жылға дейін Қазақстанда 1987 жылы КСРО-да қабылданған жолда жүру ережесі қолданылды. 1998 жылы республикада жолда жүрудің жаңа ережелері қабылданды. Осы ережеге сай «Жол белгілері» 7 топқа бөлінді:

1. Ескерту белгілері
2. Басымдық белгілері
3. Тыйым салу белгілері
4. Міндеттеу белгілері
5. Ақпараттық көрсеткіш белгілері
6. Қызмет көрсету белгілері
7. Қосымша тақтайшалар


Ескерту белгілері жолдың қауіпті бөлігінің жақын екенін хабарлайды. Басымдық белгілері көше қылыстарын, жолдың жіңішке бөлігін, көпір өткелінің белгілейді. Тыйым салу белгілері жолдағы көлік қозғалысына белгілі бір шектеулер енгізеді және бұрын қойылған шектеулердің күшін жояды. Міндеттеу белгілері бір бағытта немесе көліктегі белгілі бір түрде ғана жүруге рұқсат етеді. Ақпараттық көрсеткіш белгілері қозғалыстың белгілі бір режимін енгізеді немесе күшін жояды. Қосымша тақтайшалар бірге қолданылатын жол белгілеріне қосымша ақпарат беруге арналған.

Міне, осы ереже белгілеріне сай жол ережелерін сақтақса, өзіміздің қауіпсіздігімізді қамтамасыз ете аламыз деген ойдамын.

Арайлым ТЕБЕНБАЕВА,
№ 235 орта мектептің
9 сынып оқушысы

Қазақтың жоғары білімді алғашқы заңгерінің бірі, Алашорданың Батыс бөлімшесінің төрағасы Жаңаша (Жаңаша) Досмұхамедовтың туғанына биыл – 135 жыл. Алайда Алаш қозғалысының көрнекті қайраткері дүниеге келген жылға қатысты түрлі деректер бар.

АЛАШ ҚАЙРАТКЕРІ ҚАСИЕТТІ КІТАПТЫ ҚАЛАЙ САҚТАҒАН?



Тарих ғылымдарының кандидаты Құлпаш Ильясованың «Астана ақшамы» газетінде жарияланған мақаласына сүйенсек, Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында мемлекеттік мұрағаттың құпия қорларының ашылуына байланысты бүгінге дейін әртүрлі дата жазылып келген. «... Айталық, 2001 жылы шыққан «Қазақстан» Ұлттық Энциклопедиясының 3-томында «Жаңаша (Жаңаша) 1886, қазіргі Батыс Қазақстан облысы – 1932 – Алаш қозғалысының қайраткері, заңгер» деп жазылған. Ал, кейінгі зерттеулердің нәтижесінде оның туған, қайтыс болған жылдары (1887-1938) және әртүрлі жазылатын есімі нақтыланды, тарих беттері толықты. Сонымен, Жаңаша Досмұхамедов 1887 жылы қазіргі Батыс Қазақстан облысында (Орал уезі, Жымпиты) дүниеге келген, туған күнін оралдық тарихшы Дөметкен Сүлейменова маусымның 28-інші жұлдызы деп шамалайды және Мәскеуде тұрғандығын, сол жақта атылған Жаңашаның сүйегін туған жеріне әкелуді армандайды» деп жазылған мақалада.

Алаш қайраткерінің өмір жолына ден қойсақ, оның қоғамдағы маңызды тақырыптарға белсене араласқанын байқауға болады. Бүгін біз Жаңаша Досмұхамедовтың Алаш автономиясы құрылған тұстағы және мұсылмандық жолдағы келесідей еңбектеріне тоқталуды жөн көрдік.

Жаңаша алдымен Орал әскери реалдық училищесінде, кейін Мәскеу университетінде заңгер мамандығында білім алған. Осыдан соң Том округтік сотында прокурордың орынбасары қызметін атқарған. Оралдық тарихшы әрі заңгер Равиль Мәжитовтың зерттеуінде оның есімі 1915 жылғы «Памятная книга Томской губернии» атты кітапқа енгізілгені айтылады.

Тарихи тулғаның өмісі 1917-1919 жылдардағы саяси оқиғалар жалпы деректерден жиі кездестіреміз. Осы жылдар аралығында ол Бүкілресейлік мұсылмандар кеңесі төрағасының

орынбасары, Уақытша үкіметтің Бүкілресейлік Құрылтай жиналысы туралы заң жобасын дайындайтын Мемлекеттік кеңестің мүшесі болған. Большевиктердің көсемі В.И. Ленинмен және И.В. Сталинмен қазақ автономиясы туралы келіссөздер жүргізген. Сондай-ақ Ресейдің «Қылмыстық кодексінің» 1000 данамен «Жауыздық нызамнамасы» деп қазақшаға аударған.

1918 жылдың мамыр-қыркүйек айларында өмір сүрген «Уақытша Ойыл Уаляты» үкіметінің орнына Әлихан Бөкейхановтың бастамасымен 1918 жылдың 11 қыркүйегінде Алаш автономиясының Батыс бөлімшесі құрылып, оны Жаңаша Досмұхамедов басқарған. Р.Мәжитовтың мәліметіне сүйенсек, бұл мемлекеттік құрылымның мөрі сақталған. Дөңгелек пішіндес мөрінің ортасында АЛАШОРДА, оны айнала қоршаған тұсында Алаш автономиясының Батыс бөлігін басқару бөлімшесі (орыс тіліндегі түпнұсқада «отделение по управлению западной частью автономии Алаш») деп жазылған.

КР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институты ұсынған мәліметте Жаңашаның Алаш әскерін ұйымдастырудағы ролі туралы келесідей жазылған: «... Халел мен Жаңаша Досмұхамедовтер және олардың әскери мамандары соғыс жағдайында өзінің әскери юнкерлік шолдарын ұйымдастырды. Юнкерлерді Кеңес өкіметіне қарсы бағытта тәрбиелеу ісін ахун Нұрпейісов жүргізсе, әскери өнер ісіне капитан Кренков басшылық жасады. Жиналыста Халел Досмұхамедов Жаңашаны «Ойыл Уалятының ханы» етіп сайлады. Еуропаға айтқанда, Премьер-министр және Әскери министр қызметіне сайланды. Осы жиналыста ол Діни басқарма құрып, оның басына Хайрша Ахметжановты қойды. Діни адамдардың ықпалымен оның мемлекеттік жалауындағы Мұхаммед пайғамбардың жасыл түсті, жарты аймен безендірілген белгісі – көп нәрседен хабар береді. Онда діни символ ретінде

жазылған «Құдай біреу, Мұхаммед – оның өкілі» деген жазу бар. Бұл жалау Бүкілресейлік Орталық Атқару Комитетінің архивінде сақталған. Осылайша Ойылда діни, ұлттық әрі хандық идеологияны білдіретін ерекше мемлекеттік бірлестік пайда болған».

Сол тұста мұсылмандық жайын назардан тыс қалдырмаған Алаш қайраткерінің тағы бір еңбегі – қасиетті Құран кітаптың алғашқы нұсқасын сақтап қалуы еді. «Ресей империясының территориясындағы Ислам», 1999 ж. әдебиетіндегі дерекке сүйенсек, Жаңаша Досмұхамедов тапсырған Құран Кәрім – аяттар мен сүрелерді жинақтап, реттеу жолымен жасалған кітаптың бастапқы, толық нұсқасы. Оған бірінші халиф Әбу Бәкірдің тапсыруымен Мұхаммед пайғамбардың (с.ғ.с) хатшысы Зайт ибн Сабит пайғамбардың (с.ғ.с) айтуынан сүйекке, тасқа, теріге, пальма жапырағына, т.б. нәрселерге кезінде жазылып қалған аят, сүре нұсқаларын жиыстырып жасаған түпнұсқа негіз етіп алынған. Үшінші халиф Осман ибн әл-Аффан (644 ж.) Алапның кітабын әр жерде әртүрлі оқудан туындаған толықңды басу және мұсылман қауымын біріктіру мақсатында Зайт ибн Сабит жиған түпнұсқасы негізінде толық нұсқа жасауды тапсырады. Осман жиғызған Құран төрт дана етіп көшіріліп, халифалықтың басты төрт шаһарына Меккеге, Шамға, Кустфаға және Басраға жіберіледі, ал бастапқы нұсқа Мәдинада сақталған. Осман Халиф 656 жылы дінсіздер тобы шығарған бүлікші құрбаны болған: халифаның үйіне басып кірген бүлікшілер өзі жиғызған Құран нұсқасын оқып отырған Осман халифаға қанжар сұғып өлтіреді. Халифаның қаны Алла Тағаланың «Алла сені олардан құтқарды» деген сөзінің үстіне төгіледі. Халифа қаны төгілген осы нұсқа ұзақ уақыт Самарқандтағы Хожя Ахрар мешітінде сақталып келген. 1869 жылы Түркістан өлкесі күшпен аннексияланғанына бір жыл өткенде, өлкенің генерал-губернаторы фон

Кауфман ғылымда «Осман жиғызған Құран» не «Самарқандтық қуға Құран» аталатын нұсқаны Санкт-Петербургтің көпшілік кітапханасына өткізеді.

1917 жылы қарашада Петроградта өткен II Бүкілресей мұсылмандар съезі өкімет орындарынан Осман жиғызған Құран Кәрімді қайтаруды сұрау жөнінде шешім қабылдайды. Смоленьйға бұл топты Шура-и ислам Атқару комитетінің төрағасы А.Салиховтың орынбасары, В.Ленинмен жақсы таныс Жаңаша Досмұхамедов бастап барады. Халық комиссарлары Кеңесі өкіліші дереу қанағаттандырып, тиісті қаулы қабылдайды. 1917 жылы 9 желтоқсанда В.Ленин Ағарту халық комиссары А.Луначарскийге қаулыны орындау жөнінде өкім етуін сұрап хат жазады. Осы хаттың негізінде Құран Кәрім көпшілік кітапханадан алынып, Шура-и ислам өкілдеріне табыс етілген.

Жаңаша Досмұхамедов әйелі Ольга Константиновнамен Том қаласында танымал, мұсылмандық жолмен некелескен. Ольга қазақтың салт-дәстүріне мойынсұнып, Жаңашаның елінде «Зайра» атаныпты, жұбайының ағайын-туысқандарымен байланысын үзбеген. Жаңашаның бел немересі Бейсенғали Құпиясұлы Қуанышаевтың айтуынша, әжесі Ольга өмірінің ақырына дейін Мәскеу қаласында тұрған. Жаңашаның арғы атасы Сұлтаннан Досмұхамед және Ізмұхамед, Досмұхамедтен Жаңаша, Ізмұхамедтен Хадис (1912 ж.т.) пен Құпияс (1914 ж.т.) тараған. Жаңаша мен Ольгадан ұрпақ болмаған, олар ішкентайынан ағасының баласы Хадисіт бауырына басқан.

Дайынсыған Гүлдана НҰРТАЙҚЫЗЫ

1 НАУРЫЗ – АЛҒЫС АЙТУ КҮНІ

АЛҒЫСЫМЫЗ ШЕКСІЗ



ДОСТЫҚ МЕКЕНІ

Біле білсек, бірлігі жарасқан, тұрмысы тату, бір шаңырақ астына біріккен елдің болашағы жарқын, келешегі көмел. Қазақ еліндегі ұлттар достығы, қоғамдық татулық – ұлттаралық ауызбіршіліктің нәтижесі, жарқын көрінісі.

Қазақстан – достық мекені. Осындай жетістікпен, берекелі бірлігімен, тұрақтылығымен әлем елдерінің назарын аударып, таңқалдырған тудырып. Өйткені біздің елде көптеген ұлт пен ұлыс өкілдері өз Отандың жүреңдей еркін, ешбір кемшіліксіз, барлығымен тең өмір сүреді. Пейілі кең қазақ жұрты қиыншылық заманда қазақ жеріне табан тіреген ұлты бөлек жұрты қушақ жая қарсы алды. Мемлекеттегі ұлыстардың сан өкпі қоныс тепті, отбасылы болды, өсіп-өнді.

Көктемнің алғашқы күні – қазақтың өзгені жаттсынбаған ақ пейіліне, қолындағы барын бөлісіп, қарайласқан адамгершілік қасиетіне, ұлан ғайыр даланың ұлы халықна алғыс айтып, ризашылық білдіретін күн. Бұл күні ербіз жан езінің тыныш тіршілігіне, жақсы өміріне шүкіршілік етіп, бір-біріне риясыз көңілімен алғыс айтады. Біздің ауданда да өзге ұлт өкілдері көп.

Тағдырымыз қазақ халқымен бір арнада тоғысқанына дән ризамыз. Аудан көлемінде өтетін жиын-тойларға, іс-шараларға шақырусыз, жақсылықта елеусіз қалып жатқан жоқпыз. Өңір халқымен етене араласып, ағайындас болып кеттік. Мен осы күніме, қазақ халқына өте ризамын. Бұл халықтың асқан адамгершілігі, ерекше ықыласы қашанда өзгеден ерек. Дәл осы айтулы күні барша қазақстандықты мерекемен құттықтай отырып, күллі қазақ жұртына алғыс айтамын. Елдің ертеңі – ұлттаралық татулықта.

Зулаш МӘЖИЕВА, шешен



ШЫН АЛҒЫС

Кез келген халықтың арқауы – отбасы. Халықтың салт-дәстүрлері отбасында сақталып, өркендейді және ұрпақтан ұрпаққа жеткізіледі. Біздің қоғам дені сау, адамгершілігі зор ұрпақ тәрбиелеуге қабілетті рухани мықты отбасының көп болуына мүдделі.

Қазақстан халқы ассамблеясы отбасылық құндылықтарды және дәстүрлерді жастар арасында ілгерілетуге мән беріп келеді. Қазақстандық отбасының, ананың, сіңілі-қарындастың болашағы көп жағдайда қазіргі ұрпақтың қандай отбасылық құндылықты бойына сіңіргеніне байланысты. Еліміздегі

барлық игі дүниетанымдарды: тілін, ділін, дінін, әдет-ғұрпын, салт-санасын, ұлттық дәстүрін баласынан немересіне, немересінен шөбересіне дарытушы аналарға, барша қазақтарға мың алғыс!

Раиса СМАХАНОВА, Қызылорда облыстық татар этномәдени бірлестігінің ардагері



ТАРИХИ ЖАДЫ

Алғыс айту күні мен үшін, біздің өңіріміз үшін ерекше маңызға ие. Бұл күн мейірімділік, өзара көмек және бір-біріне деген құрмет қазақтың киелі топырағында достық пен өзара түсіністіктің бірегей атмосферасын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Өз отбастарымызға және туған өлкеме деген кіршіксіз алғыс сөзіміз бұл мерекеге ерекше терең мағына береді. Сондықтан Алғыс айту күнінің басты мәні – тарихи жадыны сақтау, ұрпақтар сабақтастығы мен ірәсі берік негіздегі ел бірлігін нығайту.

Бүкіл қазақстандықтарға алғыс айтамын! Сіздерге бақ-береке, бейбіт өмір және табыс тілеймін!

Наталья БАРКОВА, Қазалы аудандық Аналар кеңесінің мүшесі



ТАТУЛЫҚТЫҢ ҮЛГІСІ

Құрметті қызылордалықтар, сіздерге облыстық неміс этномәдени орталығының атынан алғыс айтамын. Бұл – көктемнің алғашқы күні ғана емес, адамдардың сезімі ояңған, үмітке толы күн. Бұл – Қазақстан мен оның халқының драматургияға толы, сонымен қатар адамгершілік, мейірімділік пен сүйіспеншіліктің жарқын үлгісі, тарихты еске түсіретін күн.

Депортацияланған көптеген ұлт жергілікті халықтың қолдауының арқасында Қазақстанды екінші Отанымы деп таныды. Депортацияланған немістердің қазақ отбасыларынан баспамен мен жақсылық тапқандығын көптеген мысалы біз үшін ерекше құнды. Біз оларға шексіз ризамыз. Ең қымбаты – этностар арасындағы достық пен келісім. Біз Қазақстан халқы ассамблеясының этносаралық өзара түсіністікті бекітуде жетістіктеріне қуанамыз және мақтанамыз.

Алина НОВИКОВА, Неміс этномәдени бірлестігінің белсенді жасы

Пікірлерді топтастырған М.КЕНЖЕҒҰЛОВА

Бастапқыда спорттық машиналардың еуропалық және американдық екі түрі болатын. Бұл, ең алдымен, жол жүйесіндегі айырмашылықтар, сондай-ақ халықтың қалауына байланысты болды. Еуропалық автокөліктер сол уақытта тар, бірақ асфальт жоғары жолдарға немесе таулы бұрылыс жолдарына, ауылдық жерлерде жүруге арналды. Автомобильтің негізгі қасиеті өңдеу болды, ал қуаты екінші индикатор болды, өйткені жоғары жылдамдықты дамытудың қажеті жоқ болатын. Сол кездегі классикалық спорттық машиналар, негізінен ағылшындық өндірісте шағын болды, ең қарапайым салон жабдықтарынан тұрды және жайлылығынан кәдімгі көліктерден ерекшеленбеді.

1950 жылдары Еуропалық машиналар АҚШ-та экспортталды. Американдықтар оларды өзгертіп және жетілдірді: машиналар үлкен, қозғалтқышы қуатты, жайлылық деңгейі жоғары болды. Бірінші спорттық автомобиль – Chevrolet Corvette. Ол классикалық еуропа көлігіне қарағанда үлкен. Төмен қуат пен жайлылықтың төмен деңгейі американдық тұтынушыларды қанағаттандырмады, сондықтан Corvette компаниясы осы бағытта жұмыс жасай бастады. Нәтижесінде жоғары өнімді және жайлы спорттық машиналар сатылымға шықты, ал оны басқару еуропалық көліктерден гөрі жақсы болды. Егер 1960 жылдардың ортасына дейін АҚШ автомобиль өнеркәсібі спорттық автомобильдер шығаруға бағытталса, сол кезден бастап сериалық автомобильдердің спорттық нұсқасын жасауға көңіл бөлінді.

Технологиялық процесс бір орында тұрмайды. Жыл сайын автомобиль жасаушылар өз тұтынушыларын қатты жылдамдық пен керемет дизайнмен қуантады. Спорттық машиналар жиі ұсыныла бермейді, дегенмен дизайн, сипаттамасы мен бағасы бойынша ерекшеленетін бірнеше түрін шығарады. Көптеген компаниялар автомобильдердің түр-түрін шығарумен айналысады. Бірақ таза спорттық машиналар жасап шығаратыны санаулы. Қазіргі нарықтағы брендтер төменде көрсетілген:

- Шектеулі мөлшерде таза спорттық автомобильдер шығарумен айналысатын компаниялар (Lamborghini, Bugatti).
- Өртүрлі спорттық және жарыс автомобильдерін шығаратын фирмалар (Porsche, Ferrari, Maserati, Yanmar, Aston Martin, Alfa Romeo, Audi).
- Өртарапандандырылған компаниялар (Mercedes-Benz, Honda, Nissan, Toyota, Mazda, Dodge, Chevrolet және басқалары).

Спорттық машиналардың алғашқы маңызды сипаттамасы – бұл қуаты қозғалтқыш беретін жоғары жылдамдық сапасы деп анық айтамыз. Сонымен қатар спорттық машина екі есікті болады. Алайда кейбір жағдайда төрт есікті болады. Мұндай көліктің шинасы мен дискісі де қарапайым емес, кез келген жерде сатыла бермейді

ЖЕЛМЕН ЖАРЫСҚАН КӨЛІКТЕР

Спорттық көлікті көрген әрбір адамның көзі жойнап, таңқала қарайды. Түп ұйқысы бұзылады. Бұл – алғашқы әсер. Жоладағы спорттық машиналар өзіне назар аудартып, ешкімді бейжай қалдырмайтын айдан анық. Барлығы дерлік осындай темір тұлпарлар ие болғысы келеді. Спорттық машина – бұл төрт дөңгелекті көлік құралдарының ең әдемісі және таңғажайыбы. Оны әлемнің көптеген компаниясы шығарады, бірақ кез келген автомобиль аңызға айнала бермейтін белгілі. Әзірге ең танымал түрлері – Ferrari, Porsche, Mercedes, Bugatti және басқалары.

және олардың әр нақты жағдайға арнайы салынатын өрнектері болды. Қарапайым көліктердегідей спорттық көліктерде өз ішінен үш санатқа бөлінеді:

1. **Sportcars** – Олар жылдам машиналардың ең төменгі жағында



орналасқан. Бұлар бір қарағанда қызықсыз көрінуі мүмкін. Бірақ спорттық машиналар жоғары қуаттылықпен, үнемділікпен, жылдамдықпен және өте жақсы өңдеумен ерекшеленеді. Спорттық көлік жүргізу, дәлірек айтсақ, оның иесі болу – оны сатып алатындардың өзіне жасай алатын керемет сезімі деуге болады.

2. **Supercars** – Олар спорттық автомобильге қарағанда әлдеқайда



жоғары жайлылық пен бедел деңгейін ұсынады. Суперкарга ие болу белгілі бір мәртебе береді және адамның аukatты адамдар тобына жататынын не жатпайтынын көрсетеді. Сіз суперкарларды жайдан-жай сатып ала алмайсыз. Негізінен өндіріс шығындарының жоғары болуына және олардың эксклюзивтілігіне байланысты, нарықта мұндай көліктердің саны шектеулі. «Супер» санаттағы

автомобильдер де сән-салтанаттың айтарлықтай жоғары деңгейімен ерекшеленеді, бұл оларды спорттық машиналардан айқын ажыратады. Мұндай машиналардың өнімділігі айтарлықтай жоғары, ал қозғалтқыштың қуаты шамамен 500 аттың күші, бұл бірнеше секунд ішінде 100 км/сағ жылдамдықты бағындыруға мүмкіндік береді. Суперкарлар спорт пен жайлылықтың үйлесімі деп айтуға болады, бірақ бәрін бірдей қол жетімді бола бермейді.



3. **Hypercars** – Бұл керемет машина кез келген шеңберден асып түседі. Бұл – физикадан асып түсетін автомобиль индустриясының абсолютті шыңы. Нурегаммен кез келген кездесу спорттық жұмаққа кіргенмен бірдей. Гиперкардан шыққан кезде эмоциялар басым болады және сіз өзіндіңді әлі де тірі екеніңізге сені алмайтындай күй кешесіз. Гиперкар санатына енген алғашқы машиналардың бірі – Bugatti Veyron. Бұл Нурегар-да болуы керек, бірақ 10 есеге көбейтілген көлік. V16 қозғалтқышы 1200 аттың күші, жылдамдығы сағатына 418 шақырым, құны шамамен 1 миллиард 132 миллион теңге.

Әрине мұндай көліктердің арасындағы айырмашылық субъективті. Себебі бір адамға Audi R8 спорттық көлік, ал екіншісіне суперкар болуы мүмкін. «Спорттық машиналар» деген тіркес кез келген автокөлік жүргізушісін қуантады, өйткені бұл керемет сезімнің, орасан зор жылдамдық пен бағадың бейнесі. Әрине сіз осындай санды көлікпен біздің жолдарда көп жүре алмайсыз, бірақ Қазақстанның көптеген аukatты адамдары мұндай эксклюзивті машиналарды ішкі жол талғамайтын жолда жүру үшін сатып алады.

Әрине қарапайым адам мұндай машинаны сатып ала алмайды, тіпті қолданылған модельдер де лайықты ақша талап етеді. Бірақ үміт үзбеңіз, мұның да артықшылығы бар. Статистикаға сүйенсек, апатқа ұшыраған спорттық машиналарда қарапайым көліктерге қарағанда өмірге айтарлықтай қауіп төнеді. Сол себепті де сыртқы дизайнына, жылдамдығына қызығып, өміріңізге қауіп төндірмейтіндік көлікке мінбеген жаң.

Жансая ТІЛЕУ

АТ КҮШІ ДЕГЕН НЕ?



– Менің көлігімнің 230 ат күші бар.

Сен оны айтқан, ал менің өңеміңменің қозғалтқышы 300 ат күшін бере алады. Осындай диалогтарды жиі естиміз. Иә, ат күшінің көп болғаны жақсы ғой, бірақ сол күштің не білдіретінін тек көлік жөндеу мамандары мен нағыз автосүйер қауым біледі. Ал қалғандары тек аттың көп болғаны жақсы екенін біледі. Біз сіздерге ат күші туралы айтайыз.

Бәрі 1782 жылы Джеймс Уатттың екі әрекетті бу машинасын ойлап табуынан басталды. Бірінші бу машиналарына қарағанда Джеймстің өнертабысы әлдеқайда тімділі өрі пайдалануда оңай болды. Бірақ егер сенің ойлап тапқан дүниенің сураныс болмаса, оның не қажеті бар? Бұл құрылғыға жарыма керек еді.

Өз құрылғысын Джеймс шахтадан суды айдап әкету үшін тімділі болатынын айтқан. Бірақ шахтерлер бұл құрылғыны қолданудан бас тартқан. Джеймс Уатт сол кезде энергия көзі ретінде жиі пайдаланған аттың орта есеппен минутына 181 фунт салмақты 181 футқа көтере алатынын байқаған болды. Өнертапқыш минутына фунт-футқа шаққандағы өлшеулерді дөңгелектен алып, бір ат күші минутына сол 33 000 фунт-футқа тең болады деген қорытынды жасады.

Жаңа қозғалтқыштардың қуатын есептеу үшін мынадай тәжірибені жасады. Атты суды айдайтын насосқа жегіп, оның бір күнде қанша көлемде су көтере алатынын жазды. Сосын сол насосқа бу қозғалтқышын қосып, оның бір күнде көрсететін өнімділігін есептеген. Екінші санды бірінші көрсеткіше бөліп, насос N-санын ат күшіне тең деген қорытындыға келді. Сол тәжірибенің нәтижесінде пайда болған қуат “ат күші” деген атауға ие болған.

Қозғалтқыштың қуатын сипаттайтын бірнеше тәсіл мен бірнеше өлшем бірлік қарастырылған. Әрине олардың барлығы бірдей нәтиже көрсетпейтіні айдан анық. Мысалы, Еуропада қабылданған стандарт бойынша қозғалтқыштың қуаттылығы киловатпен сипатталады. Егер қозғалтқыштың қуаттылығы ат күшімен берілсе, әр мемлекетте оны өлшеудің түрлі әдісі қолданылуы мүмкін.

Бұған қоса, қозғалтқыштың қуаттылығын есептегенде жанармайдың түріне назар аударылады. Бұлай айтқанда, егер, қозғалтқыш AI-95 жанармайына бейімделген болса, оның қуаттылығы сол отын түрін қолданылған кезде ғана сәйкес болады. Ал Жанармай өлшеу қозғалтқыштарды қуаттылығы 100-ге тең жанармаймен сыяқтан өткізеді.

Ерхан АҚЫН

ЕҢ ҮЗДІК ЖӘНЕ ЕҢ НАШАР



«Consumer Reports» америкалық журналы тұтынушылардың пікірін жинап, ең үздік көліктерді анықтады. Бұл ретте көліктер қауіпсіздік, баға, тиімділік, кескін, дизайн, заманауи технологияларды қолдану тұрғысынан бағаланыпты.

Тұтынушылардың таңдауы мен талғамы «Toyota» маркасын аталаған тізімнің бірінші орынға шығарған. Жалпы есепте ол 145 балл жинапты. Ал екінші орында 120 балмен «Ford» маркасы тұр. 109 балл жинаған «Honda» үшінші орынға табан тіреген. Байқаудың «Cana» бөлігінде Toyota, Mercedes-Benz, Ford, Chevrolet және Honda маркалары алғашқы қатардан табылған. «Kupolad» бойынша Volvo, Subaru, Toyota, Ford, Honda маркалары көш бастап тұр. «Consumer Reports» журналының ең нашар көліктерінің тізіміне Land Rover, Maserati және Jaguar маркалары ілінген.

ЖАНАРМАЙ ҚҰЮ КЕШЕНІ ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛДІ

Қызылорда қаласында Батыс Қытай-Батыс Еуропа автоөзінділігі бойынша жаңа жағар май құю кешені ашылды. «Petro Retail» ЖШС-нің «Qazaq oil» кешені қала іргесіндегі Бірқазан елді-мекенінің тұсынан салынған. Жаңа бекеттің ашылуына қала әкімінің міндетін атқарушы Бектас Нұриденов қатысып, көшен жұмысына сәттілік тіледі.



Жаңа кешенге келушілер үшін бөлшек сауда пунктін мен тамақтану орны қарастырылған. Бір тәулікте 700 көлікке дейін қызмет көрсетуге қауқарлы бекетте 23 адам жұмыспен қамтылған. Кешен «Petro Retail» ЖШС-нің өз қаражатына бой көтерген. «Qazaq oil» – Қазақстандағы ең үлкен жанармай құю желісі» дейді Айдар Балбоқов. Республика бойынша 400-ге жуық «Qazaq oil» бекеті халыққа қызмет етсе, ағымдағы жылы Қызылорда облысының Арал, Қармақшы аудандарында және Қызылорда қаласында 4 нысан өз жұмысын бастаған. Сонымен қатар жақын күндері 98 маркалы бензин отынның қала нарығында алғаш болып сатылымға шығаруды жоспарлап отыр.

Айта кетейік, «ҚазАвтоЖол» АҚ өңірлік филиалымен жергілікті атқарушы билік арасында «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» халықаралық көлік желісіндегі бойынша 41 жол бойы сервистік нысан салынатын жер белгіленген. Оның ішінде 10 жоба қала үлесінде болса, 6-ауы іске қосылды. Бүгінде өз жұмысын бастаған «Qazaq oil» кешені жетінші жоба болып отыр.

КІМДІКІ ҚЫМБАТ?



Дегенмен, қозғалтқыштың қуаттылығы 1001 аттың күшіне тең Bugatti қаланың кез келген көшелерінде тәртіп бұзушыларды қуып жүрмейді. Ол тек туристер

көптеп келетін Дубайдың беделді аудандары мен ышмаудандарында жүреді. Ал оны жүргізетін тәртіп сақшылары көлік жүргізу курсынан қайта өткізеді.

35-ІН САТЫП АЛАДЫ

Қазақстан Парламенті 35 өкілдік автокөлік сатып алады. Оған 197,575 млн. теңге жұмсау жоспарланды. Бір көліктің бағасы 5,645 млн. теңге тұрады.

Бұл ретте автокөліктерге мынадай талаптар қойылады: өкілдік Е класс, қауіпсіздік жастықтары – 6-дан кем болмауы тиіс, ABC, SRS, рөлдің қуатын арттырып, шұғыл тегежісті арттыру, т.б. Ал ішкі істер министрлігі А класты 4 ыңғайлы көлік алуды жоспарлаған. Оған шамамен 48,9 млн. теңге жұмсалмады.

РОБОТ ЖОЛ ТӘРТІБІН РЕТТЕЙДІ



Конго Киншаса Демократиялық республикасында жұртшылық жолға қатысты қиындықтарды шешудің ерекше тәсілін ойлап тапты. Бұл ройпат ел астанасының орталығына 2,5 метрдей робот қойылды.

Роботты құру туралы ойды Киншаса қолданбалы техника жоғары институтының өнертапқышы Исае Терезе ұсынған. Роботтың көзінің ішіне кез келген жол ережелері мен жол тәртібін бұзушылықты түсіретін бейнекамералар, көңіріне жағы жүргізушілер жолына белгі беретін түрлі-түсті экран орнатылған. Ал екі қолына орнатылған құрылғы бағдаршамның қызметін атқарады. Робот күннің қуатымен жұмыс істейді. Күн сәулесінен күндіз алған қуаты оған түнде жұмыс істеуге де жететін деңгейде. Сондай-ақ ол бұрылып қозғалып, жол қозғалысындағы белгілі бір жүргізушіге немесе жүргізушіге назарын бағыттай алады, бірақ пара алмайды. Бұл тәртіп сақшысының өзіне тең ерекшелігі де сол болып тұр.

Мөлдір КЕНЖЕҒҰЛОВА

ҚҰРМЕТ АЙЫ – ЕРЕЖЕП ЖӘНЕ МИГРАЖ ТҮНІ

Дінімізде кей айлар мен күндерді және түндерді өзіндік ерекшелігі бар. Бұлар – Ережеп, Шағбан, Рамазан айлары. Себебі, дініміздегі қасиетті күн мен түннің көбі осы айлардың енішінде.

Ережеп айы Құран аяттыңда аталған құрметті айларға жатады. Бұл туралы қасиетті Құран Кәрімнің «Тәубе» сүресінің 36-аятында: «Расында, Алланың қасында көктер мен жерді жаратқалы Алланың қабаттарындағы айлардың саны – он екі. Бұлардан төртеуі – құрметті айлар. Міне, осы берік дін. Онда бұл айларда өздеріңе зұлмдық етпелдер» делінген.

Ережеп айы исламнан бұрын да арабтар үшін қасиетті айдың бірі болатын. Осы ай кірген кезде араб тайпалары өзара соғыс пен жанжалдарын тоқтатып, қылыштарын қынына, жебесін қорабына салып, ешкімге тимеуге тырысатын. Сондықтан бұл айда араб қауымы өзін қауіпсіз сезінетін. Өйткені харам айдың бірі болғандықтан өзгелерге қиянат жасау, қанын төгу, ұрып соғу ісін күнә, арам деп санайтын. Тіпті әкесін өлтірген жаңға да бұл айда қол көтермейтін. Қылмыс жасаған жағдайда қонақ-араланып қатты айыпталатын. Ал ислам діні келген соң да бұл айдың артықшылығы тіптен арта түсті.

Ережеп – ең ұлық, сауапты ай. Мұхаммед Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) бір хадисінде былай дейді: «Ережеп – Алла Тағаланың айы, Шағбан – менің айым, Рамазан – үмбетімнің айы». Ислам ғұламалары бұл қасиетті айлар жайында: «Ережеп – құрметті ай, Шағбан – қызмет айы, Рамазан – нығмет айы», «Ережеп – ғибадат, Шағбан – тақуалық, Рамазан – осы екеуінің жемісін арттыратын ай» немесе «Ережеп – егін салу, Шағбан – сугару, Рамазан – оғру» деп жақсы анықтамалар берген.

Ережеп айына тән қасиетті түн бар. Ол Миграж – Ережеп айының 26-сыйын 27-сіне (биыл наурыздың 10-ынан 11-іне қараған кешке келеді) қараған түн. Миграж оқиғасы жер бетінде бір жарым жыл бұрын Ережеп айының жиырма жетінші түнінде болды. «Миграж» сөзі «жоғары шығу», ал «Исра» сөзінің мағынасы «түнгі сапар» дегенді білдіреді. Миграж түнінде Пайғамбарымыз хазіреті Мұхаммед (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) Меккедегі әл-Харам мешітінен Құдистағы (Иерусалим) әл-Акса мешітіне бір сәтте исра жасады. (Түнгі сапарды арабтар «исра» деп атайды). Одан Мигражға («Миграж» көтерілу деген мағына береді) – жеті қат көкке көтеріліп, дүниеден өткен барлық пайғамбарлармен кездесті, үнемі құлшылықта жүретін періштелермен жолықты. Құдіретті Жаратушымыздың түрлі белгі-аяттарын көріп, Онымен тілдесті. Алла Тағала қасиетті Құран Кәрімде Миграж оқиғасын былайша баян етеді: «Құлын (Мұхаммедті с.с.) бір түні өзіне белгілерімді көрсету үшін Мәсжид Харамадан біз айналасын мұбарак қылған Мәсжид Ақсаға апарған Алла әртүрлі кемшіліктен пәк. Шәкіс, Ол естүші, білуші» («Исра» сүресі, 1-аят).

Біз сөз етіп жатқан Исра және Миграж оқиғасы пайғамбарлықтың шамамен оныншы жылы, яғни ислам тарихында «тайыға толы жыл» деп аталған кезде болды. Сол жылы арақтық Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) үлкен ұлы Қасым шетінеді. Соңынан ұлы Абдулла да қайтыс болды. Бауыр ет балаларымен айырылу Алла елшісіне (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) оңайға соқпады. Осы жылдары қорғаушысы әрі аяулы ағасы Әбу Тәліп пен қадірлі жары Хадиса анамыз да дүние салды. Мұсылмандар көпірлердің зорлық-зомбылығы мен ауыр азабынан қиналып жатқан болатын. Мұндай оқиғалар мен қайғылы қазалар Пайғамбарымызға оңай болған жоқ. Осы сәтте Миграж оқиғасы хазіреті Мұхаммед (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) пайғамбарымыз үшін Алла Тағала тарапынан үлкен жұбаныш болды. Миграж кешінде ең ұлы сый ретінде намаз парыз етілді. Хадис шариғте: «Намаз – мұсылманның мигражы» делінген. Бес уақыт намаз жеті қат аспанда парыз болуының сыры да осында. Әйгілі ислам ғалымы Рамазан Бутті өзінің еңбегінде: «Миграждан кейін ертеңіне періште Жәбірейл (с.с.) келіп, Пайғамбарымызға (с.с.) намазды оқу және оның уақыты, тәртіптерін үйретті. Намаз парыз болмай жатып, Алла елшісі (с.с.) тәңертең және кешкі мезгілде екі бас намаз

оқытын. Бұл намаз Ибраһим (с.с.) пайғамбардан қалған еді» деп жазады.

Саянақ сахабалар Ережеп айында ерекше қарқынмен құлшылық жасайтын. Парызбен қоса нәпіл құлшылықтарын орындап, көбірек ораза ұстап, жоқ-жітікке, жетімдер мен кембағдаларға қол ұшын созып көмектесетін болған. Бұл

сүйіншілейді. Сүйікті Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) Ережеп айына мол берген секілді Шағбан айына да көңіл бөлген. Мұны Пайғамбарымыздың (с.с.) «Алла Тағалам, Ережеп пен Шағбан айларын берекелі етегер» деген дұғасынан аңғара аламыз. Тіпті Алла Елшісі (с.с.): «Шағбан айы кіргенде,

Мен де амалдарымның ораза ұстаған кезінде Алланың құзырына көтерілгенім қалаймын» деп мәнін айтқан екен.

Сахаба хазіреті Әнас (оған Алла разы болсын) Алла Елшісіне (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Рамазаннан кейін қандай ораза маңызды?» – деп сұрағанында, Пайғамбарымыз

БІЛГЕНГЕ МАРЖАН

жартысы толған түнді құлшылықпен (мағынасы мен маңыздылығына сәй) өткізеді. Күндіз ораза ұстандар. Өйткені Алла Тағала күн уақына батқан шақта: «Кешірім тілеуші бар ма, кешірейін. Рызқ сұраушы бар ма, рызқ берейін. Ауру-сырқауға ұшыраған бар ма, шипасын берейін. Түптеп шапығы атқанға дейін рақымын төгеді». Тағы бір хадисте: «Алла Тағала Шағбан айының он бесінші түні (Бәраат түні) жер бетіне мейірім жаудырып, Өзіне серік қосқандар мен ата-анаға қарсы шыққандардан басқаларды кешіреді» деп айтқан.

Қорыта айтар болсақ, шарапаты мол Шағбан айын, берекесі артқан Бәраат түнін бос өткізіп алмай, күндіз ораза ұстап, қасиетті түнінде құлшылық жасаған дұрыс.

НЫҒМЕТ АЙЫ РАМАЗАНҒА ДАЙЫНДЫҚ ЖӘНЕ ҚАДІР ТҮНІ

Рамазан – айлардың сұлтаны, Құран түсіп, ораза ұстау парыз болған құтты ай. Шағбан айының соңғы күнінде Алланың Елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Уа, адамдар! Сендерге ұлық, берекелі ай келіп жетті. Бұл айда мың айдан артық Қадір түні бар. Алла осы айда ораза тұтудың парыз етті, ал түндерінде намаз оқуды ерікті қылды. Осы айда Аллаға бір ізгі қасиетпен жақындаған жан басқа уақытта парыз орындағандай. Ал осы айда парыз амалын орындаған адам басқа уақытта жетпіс парыз орындағандай. Бұл ай – сабырлық айы. Ал сабырдың сыбы – жаннат. Өзара жанашырлық айы. Бұл айда мүмкінші ырызқ-несібісі еселенеді. Кімде-кім осы айда ораза тұтқан бір жанға ауыз ашап жасаса, оның күресі кешіріліп, тозақтан азат етіледі. Ораза тұтушының сауабынан да ешнәрсә кемітілмейді» деп айтқан.

Рамазан айы – әлем мұсылмандарының сағына күтіп алатын, күймі қол жиебедат қасиетке толы ай. Өйткені адам баласының тәнін тазартып, жан-дүниесін тәрбиелейтін де осы ораза құлшылығы. Ал ораза осы айда Раббымыз тарапынан парыз етілген ұлық ғибадат. Сонымен қатар адамзатты ақиқат жолға үйдейтін, ақ пен қараны, сауап пен күнәнің кіркірін көрсететін Құран кітабы осы айда түсірілген. Сондықтан бұл айда жасалған әрбір жақсы амалдар ерекше қадірлі, сауабы еселенеді. Бұл жөнінде Алла Тағала былай дейді: «Әй, мүмкіндер! Сендерге бұрынғыларға парыз қылғандай ораза парыз қылды... Рамазан айы сондай бір ай, ол айда адам баласына тура жол және (ақ пен қараны) айыратын дәлел түрінде Құран түсірілді. Сендерден кім Рамазан айында болса, ораза ұстасын...» («Бақара» сүресі, 183, 185-аяттар) Ал, Пайғамбарымыз (с.с.): «Кімде-кім Рамазан айында шыншай сеніммен, сауапты бір Алладан ғана күтіп, ораза ұстаса, бұрын-соңды жасаған күнәлары түгелдей кешіріледі» деп айтқан. Алланың өміріне ығат еткен барша мұсылман бір ай бойы ораза тұтады. Яғни, таң сәресінен күн батқанша ішіп-жеуден, түрлі жаманшылық атаулыдан өзін пәк ұстап, күнә істерден бой алыстатады және сабырлық, мейірімділік, қанағатшылықпен өткізген қасиеттерге иелік етеді.

Олай болса, әрбір иманды жан жыл айналып келетін қасиетті Рамазан айын қуана қарсы алуға, сауапты істермен өткізуге дайындықты қазірден жасаған дұрыс. Құтты қоңақ келсе, үйдің іші мен сыртын тазалап, ерекше көңіл қоятыншымыз сынды, Рамазан айының құрметіне ішкі жан-дүниемізді жаман ойлардан, күнап істерден тазартқанымыз жан боларды. Шағбан айынан бастап Рамазан айында жасайтын сауапты амалдарды алдын-ала жоспарлап, оған шыншай ниет қылып, орындауына жіт ден қою керек. Осыған дейінгі қаза оразасы болса Рамазан айына дейін өткен абзал. Сонымен қатар Рамазан айы жайлы білім жетілдіріп, қажетті мәліметтерді білу керек. Яғни «оразаны не буады?», «ораза ұстамай-ақ қойсам болма ма?», «Рамазан айында не істеу керек?» деген секілді сұрақтардың жауабын іздену қажет.

Жүйрік уақыттың жалына жармасып жүріп, кешке қасиетті айлардың апта күндерін айырмайсы болмай қалатыны бар. Бірақ жыл айналып келетін үш айдың қадірін түсініп, құлшылыққа мән беру барша мұсылман үшін маңызды. Өйткені үш айдың үш күндей өте шығары айтпаса да белгілі...

Дайындаған
Гүлдана НҰРТАЙҚЫЗЫ



Ақпан айының он үші күні қасиетті Ережеп айы басталды. Наурызға дейін жалғасатын бұл ай бітер тұста Шағбан айы есік қағады. Ал Шағбанның келуі барша мұсылманның сағынышына айналған Рамазанның жақындағанын сүйіншілейді. Исламда осы үш ай қасиетті әрі абзал ай болып саналады. Жаратушының құзырында құлының дұға-тілегі қабыл болатын, шыншай құлшылық пен жақсы амалдарға сауап жазылатын қасиетті айларды ерекшелігі, маңызына арналған осы мақаланы «Ақмешіт-Сырадария» орталық мешіті ұсынған мағұмұматтар негізінде оқырман назарына ұсынып отырмыз.

айда ұстаған нәпіл оразаның сауабы мол болады. Хадисте: «Шыңдығында, жаннатта бір өзен бар. Оны «Ережеп» деп атайды. Оның суы сүттен ақ, балдан төтті. Кімде-кім Ережеп айында бір күн ораза ұстаса, Алла Тағала ол пендесіне осы өзеннің суын ішікіп, дәмін татқызады» делінген. Ережеп айы барысында сауап алу ниетімен нәпіл ораза ұстағанымыз дұрыс. Бірақ толық бір ай бойы ораза ұстау тек Рамазан айына тән парыз ғибадат. Сахабаларда Ережеп айын толықтырмай, көп ораза ұстаған. Себебі Рамазан айынан ерекшеленіп, оған ұқсап кетпеуі үшін де. Садақа беру, қаза намаздар оқу, Құран оқу, жақсылық жасау сынды нәпіл ғибадаттар жасаса, бұл айдың берекесі беленген болады. Ережеп айының жұлдызы туғанда Пайғамбарымыз (с.с.): «Уа, Ұлы Жаратушы! Ережеп пен Шағбан айларын берекелі ете көр! Бізді қасиетті Рамазанға аман-есен жеткізгейсің!» деп дұға жасаған.

ҚЫЗМЕТ АЙЫ – ШАҒБАН ЖӘНЕ БӘРААТ ТҮНІ

Берекелі айлардың бірі – Шағбан айы. Ережеп айы мен Рамазан айының ортасында келуінің өзі берекесі мол ай.

өздеріңізді тазалаңыздар және ниеттеріңізді дұростанңыздар» деп айтқан. Шағбан айына белгілі бір дайындық жасаудың мәні мынада. Осы айда рухани дайындығы мол жаншыл мұнан кейін келетін айлардың сұлтаны Рамазан айына деген құрметті, ниеті жоғары тұрады. Шағбан айында да ауыз бекітіп, нәпіл ораза ұстаса, еселген сауапқа қауыштырады. Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) Шағбан айының көбін оразамен өткізгенін мына хабарлардан біле аламыз. Айна аңамыз (Алла оған разы болсын) былай дейді: «Алланың елшісі кейбір айлардың көбінде ораза ұстайтын. Тіпті оны бұл айда мүлдем ауыз ашпады деп те айтамынбыз. Кейбір айлардың көбінде ауыз ашты. Тіпті бз оны бұл айда ешбір ораза ұстамады дейтін едік. Алла Елшісінің Рамазан айынан басқа айда толық ораза ұстағанын, сондай-ақ Шағбан айындағандай көбі оразамен өткізгенін білеміз».

Саңлақ сахабалардың бірі Усама (Алла оған разы болсын) Шағбан айында көп ораза ұстауының сырын білу үшін: «Уа, Алланың елшісі, Шағбан айында жиі ораза ұстағанымыздай басқа айда мұнашлықты ораза ұстағанымыздай көрмедім» деп сұрады. Сонда Пайғамбарымыз

(с.с.): «Рамазанға құрмет ретінде Шағбан айында ұсталған ораза» – деп айтқан. «Қай садақа абзал?», – дегенінде, Пайғамбарымыз (с.с.): «Рамазан айында берілген садақа», – деп жауап берген. Пайғамбарымыз (с.с.) басқа айларға қарағанда Шағбан айында көп ораза ұстап былай дейтін: «Сауапты амалдардан шамаларың жететінін жасаңдар. Өйткені сендер жалықпасаңдар болғаны Алла сендерге ешқашан жалықпайтын сынай таңытпайды. Алла Тағала қабыл алатын аң жақсы амал – аз болса да үзбей істелген іс».

Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) Шағбан айында жасаған осынау амалдарына қарап, көбірек ораза ұстаудың сапал екенін түсінеміз. Яғни мүмкін болғанша Шағбан айында көп ораза ұстап, құлшылыққа жаңаша құлшыныс бергенімиз дұрыс болады. Шағбан айында сауаптар еселеніп қана қоймай, күнәлар кешіріліп, дұға-тілектерді қабыл болуына мүмкіндік молайды.

Шағбан айының тағы бір ерекшелігі ол айда қасиетті Бәраат түнінің болуы. Бұл түн – Шағбан айының 14-інен 15-іне биыл наурыз айының 28-інен 29-ына қараған кеші сәйкес келеді. Бұл түн – періштелер жер бетіне түсетін, дұғалар қабыл болатын берекелі түн. Сондықтан

2 0 2 1 - 1 4 4 2		
ҚАСИЕТТІ ҮШ АЙ КҮНТІЗБЕСІ		
ҚАСИЕТТІ ҮШ АЙДЫҢ БАСТАЛУЫ 13 АҚПАН Сенбі	РАҒАЙЫП ТҮНІ 18 АҚПАН Бейсенбі	МИГРАЖ ТҮНІ 10 НАУРЫЗ Сәрсенбі
ШАҒБАН АЙЫНЫҢ БАСТАЛУЫ 14 НАУРЫЗ Жексенбі	БАРААТ ТҮНІ 27 НАУРЫЗ Сенбі	РАМАЗАН АЙЫНЫҢ БАСТАЛУЫ 13 СӘУІР Сейсенбі
ҚАДІР ТҮНІ 08 МАМЫР Сенбі	РАМАЗАН АЙЫНЫҢ АЯҚТАЛУЫ 12 МАМЫР Сәрсенбі	АЙТ МЕРЕКЕСІ 13 МАМЫР Бейсенбі

екенін білдіреді. Көптеген жақсылықтың бастауы деген мағынаға ие «шағбан» сөзімен аталған бұл қасиетті ай Ережеп айының бітуінен хабар беріп, Рамазан айының жақындағанын

(оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Шағбан – адамдардың басым көпшілігінің Рамазан мен Ережеп айларының ортасында мән бермей кететін айы. Бұл айда амалдар Алла Тағаланың құзырына көтеріледі.

Пайғамбарымызға (с.с.) көп салауат айтып, Алладан біліп-білмей істеген күнәларымыздың кешілуін тілеп, бұл түнді пайдала құлшылықпен өткізген абзал. Пайғамбарымыз (с.с.) былай деген: «Шағбан айының

«Smart city» түсінігі 1950 жылдан бастап қолданыла бастады. Оны алғаш қолданған америкалық экономист Питер Друкер деген азамат. Бұл ұғым қала құрылысын салар кезде жазылған еңбек көрінеді. «Менеджменттің тәжірибесі» деп аталатын туындысында экономист smart cityге былай деп анықтама берген: specific – нақты, measurable – өлшенетін, achievable – қолжетімді, realistic – шындық, timed – белгілі бір уақытта. Алайда ең жузінде бұл концепция бірнеше жылдан кейін ғана қолданылды. Яғни 1984 жылы АҚШ-та «City Place» деген атаумен салынып шықты. Онда бейнебақылау жүйесі, қауіпсіздікті қадағалайтын жабдықтар, өздігінен жұмыс атқаратын аспаптар болған. Тек қазіргідей ақпараттық жүйе болмаған. Одан кейін 1993 жылғы Силикон алқабында пайда болған smart city «ақылды өсу» концепциясына ықпал еткен. Ал қазір әлемнің 2500-дей қаласы ақылды қала концепциясын қолданады. Біздің елде де соңғы жылдары ақылды қала концепциясы қолға алына бастады. Дүниежүзілік банктің ресми сайтында жарияланған хабарламада «Қазақстанда smart-қалалар және жасанды интеллект» жобасы жүзеге асырылатынын айтылған. Ел үкіметі оған 250 миллион доллар қаражат сұраған. Жалпы ел билігі бұл жобаса 1 миллион доллардан астам қаражат жұмсауды көздейді. Өткен жылы Шымкент қаласын ақылды қала ету жоспарланған. Бірақ кейінге шегерілген. Бұған Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі вице-министрі Асқар Жамбақиннің айтуынша, бұған пандемия ықпал етті.

SMART CITY

Бүгінде әлем халқының саны 7,6 млрд-қа жетті. Ал халықтың 55 пайызы қалада тұрады. Ғалымдар 2050 жылы жер бетіндегі қала халқының үлесі – 68 пайыз болады деп болжап отыр. Ал экономистердің айтуынша, қалада әлемдік экономиканың 70 пайызы шоғырланған. Мұның өсерінен қала саны өсіп, ауылдық жерлердің бос қалу қаупі ортады. Осыған орай қалаларды ақылды етудің маңызы зор. Бұл – әлемдік тәжірибе. Енді ақылды қала жобасының тарихына тоқталсақ.



Жалпы smart қала деп нені айтамыз? Оны енгізудегі мақсат неде? Әдетте, ақылды қалалардың экономикасы жоғары, басқару жүйесі жүйеленген, инфрақұрылымы жетілген, барлық талапқа сай болады. Тұрғындарды да цифрлық тұрғыдан сауатты әрі жауапкершілікке бейім келеді. Сонымен қатар 4G мобилді байланысы, Wi-Fi-ға кіретін көп нүктелері, ақылды паркинг, жол қозғалысының оңтайландырылған жүйесі, мемлекеттік қызметтің онлайн форматы қолжетімділігі, азаматтар позициясының белсенділігі, қоғам қалыңын өңдейтін аппараттары сынды белгісі бар. Мұндай белгілердің

барлығы – дамушы елдердегі ақылды қала жүйесі. Ал дамыған елдерде smart қала түсінігі біздікінен ашықтау. Мәселен, Сингапур – технологиялық тұрғыдан әлемдегі көшбасшы ел. Мұндағы «Smart Nation» бағдарламасы ресурстарды басқаруға көмектеседі. Бұл қалаларды ақылды қаланың ең негізгі элементі – ақылды көше қозғалысы. Сол себептен мұнда көлік кептелісі болмайды. Өйткені көшеінің барлық қиылысында ақылды бағдарламалар, транспорттық ағынын сыйымдылығын бақылайтын датчик орнатылған. Ал ақылды көлік тұрақтары бос

орындар туралы ақпараттарды көлік иесіне хабарлайды. Бұған қоса, бұл ел цифрландырудың арқасында электронды сауданы жолға қойған. Ал Лондон қаласы ақылды қала жобасы арқылы транспорттық мәселені шешкен. 2002 жылы транспорттық реформа болып, көлік тұрақтары арқылы режимге көшіп, артына smart жүйеге өтті. Осылайша, аталған саладағы түйтіктер өз түйінін тапты. Бүгінде Лондон қаржылық және техникалық хаб бойынша, Еуропа елдерінің арасында 2-інші орынға ие. Бұл көрсеткішке олар smart city концепциясының арқасында қол жеткізді. Мұнда да Сингапурдағыдай ақылды көлік

тұрақтары бар. Ол 2014 жылдан бері қолданыста. Ал 2002 жылдан бері төлем жүйесі толықтай цифрлық форматқа көшкен. Қазіргі таңда олар 5,4 млн долларды дәл осы транспорт саласын дамыту үшін бөледі. Осылайша бұл қала тарихи қателіктерді жоюға талпынып, жаңа жүйеге толықтай өтуде. Ал Жапония экономикалық дамуының сырын ақылды қала жобасымен байланыстырады. Жапондар барлық саланы компьютерлендіруге басымдық беріп, роботтың технологиясын әлеуметтік және өндірістік жұмыстары мен қызмет түрлерінің тиімділігін арттырып, инновацияның дамуына жағдай жасады.

Байқағаныңыздай, дамыған елдер ақылды қала жобасымен экономикасын дамытып, халықтың тұрмысын жақсартуға бағыттаған. Сол себепті дамушы елдерде де ақылды қала концепциясын жетілдіретін уақыт жеткен сияқты. Осы тұста еліміздің жас өнертапқыштарының ұтымды жобасын қолданысқа енгізу де маңызды. Мәселен, Назарбаев зияткерлік мектебінің оқушылары осыдан бір жыл бұрын ақылды емхана жобасын ойлап тапқан болатын. Бірақ мемлекеттік қолдаудың жоқтығынан жоба әзірге тәжірибе күйінде қалды. Ал осындай жобаларды дамыған мемлекеттер арзан бағаға сатып алып, күрделендіріп, қолданыс аясын кеңейтуде. Осы күнге дейін smart қала деп ауыз толтырып айтылғанымен, Нұр-Сұлтан қаласының өзінде де инновациялық немесе қомақты қаржы түсіретін жобалар жеткілікті қосы. Ал біздің өңірге бұл жобаның қашан енетіні әлі белгісіз. Сондықтан ақылды қала жобасын айту ерте сияқты.

COVID 7 МИНУТТА АНЫҚТАЛАДЫ

Ноттингем және Питтсбург университеттерінің түлегі, «Қазақстанның 100 жаңа есіміне» енген жас генетик ғалым Болат Сұлтанқұлов 7 минутта коронавирустың бар-жоғын анықтайтын тест ойлап тапты. Айтуынша, тест арқылы кез келген адам үйде отырып-ақ өзін тексере алады.



Жас өнертапқыш жаздан бері зертханада жұмыс істеп келеді. Қазақстанда індет өршігенде «айналыма қалай көмектесемін?» деп біраз ойланған. Нәтижесінде коронавирусты жаңа анықтайтын тест жасауға бекінді.

– Наноденур дейтін болады. Міне, соны қолдандым. Оны ақуладан немесе түйеден ғана алады. Қазақстанда оны өндірімейді. Сондықтан зертхана жасау үшін наноденурді Швейцариядан алдыруға тура келді. Наноденур алтынның ұсақ бөлшектерімен

араласқан. Оны синтездеп, тест таяқшаларын жасап шығардым. Оған адамның сілекейін жағып, вирустың бар-жоғын 7 минутта оңай анықтауға болады. Ал ПТР-тесттің нәтижесі бір күн күту керек. Кейбір өңірде тіпті екі тәулік күтетіндер бар. Ал мынау әп-сәтте дайын болады. Тест нәтижесі 85 пайыз дәл көрсетеді. Бұл жобаны жасау үшін маған көп адам көмектесті. Жас ғалымдар альянсы қолдады. Назарбаев университетінің әлеуметтік қоры грант берді. Ал биотехнология орталығы осы

зертханада жұмыс істеуге мүмкіндік берді. Жұмылып жүріп осындай жаңалық ойлап таптық, – дейді Болат Сұлтанқұлов.

Жас генетик айтаң наноденурлер антидене іспеттес. Көзін алдындай кіші. Азаға тез сіңеді. Өзгері де жылдам білінеді. Болат Сұлтанқұлов соны негізге алып, жарғы қарастай тест таяқшаларын алты айда әзірлеп шығарған. Тапқыр ғалым әзірлеумен тест әлі отырып шыққан. Зертханалық тексеріс аяқталды, енді клиникалық тексерістен өтеді.

ВАКЦИНА АЛУ МАҢЫЗДЫ

АҚШ-та халықаралық рейстерге жаңа талап енгізілді. Әр жолаушыдан COVID-19 бойынша теріс нәтижелі анықтама талап етіледі немесе бұл аурудан жазылып шыққанды туралы құжат болуы тиіс. Бұған қоса вакцина алып, індетке қарсы тұра алатын иммунитет қалыптастырғаны ғана ұйсаққа жіберіледі. Бірнеше медициналық және техникалық ұйым бірлесіп, вакциналау жөніндегі сертификаттың шифрланған көшірмесін алу жүйесін жасауға кірісті. Демек, анықтаманы өзіңізбен бірге алып жүрмей, оны смартфон арқылы көрсетуге жағдай жасалады.



Microsoft, Oracle, Salesforce және Mayo клиникасы VCI вакциналау бастамасына ұйытқы болған. Бірлескен топ SMART Health Cards жүйесі арқылы екіне жасағандардың базасын жасады және оны оңай көруге болады. Смартфоны жоқтар QR-код қаразын алып, оны кез келген жерде ұсына алады. Шифрланған мәлімет халықаралық рейс қызметкерлеріне көрсетілді. Әдетте АҚШ-тың медицина

ұйымдарында COVID-19-қа қарсы вакцина алғандарға есеп қартасты беріледі. Бірақ оның жалған көшірмесін жасау оңай. Сондықтан электронды нұсқасы қауіптіліктің алдын алуы тиіс. Қазір елдегі кей әуежай мен компаниялар Common Project жобасының денсаулық паспортын сынықтан өткізуде. Соңғысы VCI альянсының мүшесі екенін атап өткен жөн. Таяу арада құрама штаттарда COVID-19-ға

қарсы вакцина алу – қалыпты өмірге қайта оралуың тиімді жолы. Ал әуе компаниясы мен жұмыс берушілер адамдардың екпе алғаны жайлы мәліметті ұсынуын міндетті қылса, бұл істің пайдасы артады. Осы ретте, вакцина алмағандардың жағдайы қиындай түседі, олар ұшаққа жіберілмей, жұмыс істеуге де рұқсат берілмейді. Алдағы уақытта бұл тәжірибе әлемнің барлық елінде енгізілуі мүмкін.

ӘЛЕМДІ ҚҰТҚАРУДЫҢ ӘДІСІ



Microsoft компаниясының негізін қалаған миллиардер Билл Гейтс бай елдер адамзатты климаттық апаттан қалай құтқара алатынын жариялады, деп хабарлайды Technology Review басылымы.

– Бай елдер 100% синтетикалық сиыр етін тұтынуы керек деп санаймын. Сіз оның дәміне үйренесіз. Өндірушілер де уақыт өте келе мұндай еттің сапасын жетілдіреді, – дейді Гейтс.

Оның ойынша, өсімдік ақуыздарын тұтынуға көшу мал шаруашылығы салдарынан ауаға бөлінетін метанды азайтуға

септігін тигізеді. Бұған дейін Билл Гейтс адамзат үшін климаттық бейтараптыққа қол жеткізу ең қиын міндет деп атаған еді. Миллиардердің пікірінше, климаттық бейтараптыққа қол жеткізу үшін адамзат парниктік газ шығаруды азайтуы тиіс. Яғни ол көмір, мұнай және газ жағуға негізделген энергия өндірісі қысқару керек дегенді айтады.

ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІДЕГІ ПІКІРЛЕРДІ САРАЛАУ

Жағымды не жайсыз пікір жинаушы бизнесті жақсартуға көмектеседі. IT университет түлегі, сириялық Рафиф Зиния әлеуметтік желідегі тұтынушылардың пікіріне қол жеткізілетін қосымша жасады. Eposcial отты апплет адамдардың тауар немесе қызметке қанағаттанарлық бағасын саралап, кәсіпті жетілдіруге жол ашады.

Қосымша Facebook, Twitter және Youtube платформаларын пікірлерді жинап, датасы мен географиялық орналасуына қарай статистикалық мәлімет ұсынады. 23 жастағы Зиния бұл жобаны 2018 жылы бастады. Осы аралықта аз уақыт үзіліс те алған. Білімін аяқтап, дипломға қол жеткізген соң, бастаған

ісін жалғастыру үстінде. Қосымшаның қолданысына 6 ай уақыт бар, дегенмен Зиния қазірдің өзінде жергілікті компанияларға ұсыныс жіберген. Жалпы әлеуметтік желі Сирия мен Араб елімінде маңызды рөл атқарады. Сондықтан бұл сервисісті енгізілуі жергілікті халық ықыласына бөленуі мүмкін.

Бетті дайындаған
Айгүл
ӨЛШЕРОВА

МЕРСИСАЙДТЫҚ ДЕРБИ



Ливерпуль қаласынан шыққан екі клуб – “Эвертон” мен “Ливерпуль” арасындағы бұл текіретістің тарихы XIX ғасырдың 90 жылдарынан бастау алады. Бұл – Англия саясаткерлерінің қарқынды дамып келе жатқан футбол арқылы сайлаушыларға оң әсер етуге болатынын түсініп, түрлі клубтардың жұмысына араласа бастаған шағы еді. Ондай клубтардың қатарында 1878 жылы негізі қаланған “Эвертон” да бар болатын. “Көктер” деген лақап аты бар клуб ол кезде үйдегі ойындарын “Энфилд” стадионында өткізетін. Бірақ уақыт өте басышлар арасында саяси және басқа да себептерге байланысты келіспеушіліктер туады. Нәтижесінде 1892 жылы Джордж Махон бастаған либералдар “Эвертонды” өз қарамағына алып, клубты “Тудисон Парк” стадионына көшіреді. Ал, клуб басшылығынан кетсе де “Энфилдке” иелік етіп қалған консерватор Джон Хоулдинг өз атынан жаңа клуб құрады. Ол клубқа “Ливерпуль” деген атау береді. Осылайша бір қалада екі клуб пайда болып, олардың басышлары арасындағы текірес алаңға ауысады.

Екі клубтың алғашқы кездесуі 1894 жылдың 13 қазанында өтті. “Тудисон Паркте” болған ойынға 44 000 адам жиналып, алаң иелері бұл дербиді өзінің алғашқы жеңісіне қол жеткізді. Содан бері “Ливерпуль” мен “Эвертон” өзара 228 ойын өткізіп, оның 91-інде “Қызылдар”, 66-сында “Көктер” жеңіске жетсе, 71 матч тең есеппен аяқталған.

МАДРИДТІК ДЕРБИ



Әлем жұртшылығы “Реал Мадридтің” ең басты бәсекелесі “Барселона” деп білсе де, бұл екі клубтың арасындағы ойын дерби болып саналмайды. “Королик клубтың” каталондықтардан басқа бітпес қарсыласы бар, ол – “Атлетико Мадрид” клубы. “Мадридтік дерби” деген тіркес Испанияның астанасынан шыққан осы екі клубтың арасындағы ойынға қатысты айтылады. Екі команда да шамамен бір уақытта құрылған, ал алғашқы кездесулері 1906 жылы өтті. Олардың жанкүйерлері негізінен әлеуметтік жағдайына қарай бөлінеді. “Реалды” көбіне орта және дәулетті таптың өкілдері қолдайды. Бұл ұжымның стадионы да қаланың дәулетті адамдар тұратын солтүстік бөлігінде орналасқан. “Реал Мадрид” ең арасында “Кілегейлі” (“Кілегейден шайқалған”, “Los merengues”) деп бекер аталмаса керек. Ал “Атлетиконы” жұмысшы таптың өкілдері қолдайды. Клубтың стадионы қаланың оңтүстік бөлігінде орналасқан. Бұл ұжымды кейде “Бүлікшілердің жұбанышы” (“Sentimiento de rebeldia”) деп те атайды.

Осы уақытқа дейін “Мадридтік дербиде” 280 ойын ойналып, оның 63-і тең аяқталса, 147 матчта “Реал Мадрид”, 70 матчта “Атлетико Мадрид” жеңіске жеткен. Байқағандарыңыздай, бұл текіретісте “Королик клубтың” басымдығы айқын. Дегенмен, Мадридтің оңтүстік аудандарында тұратын қарапайым халық үшін ол аса маңызды емес. Олар өз клубтарына адал және түбі жеңіс “Атлетико” жағында болатынына сенімді.

МАДОННА ДЕРБИ



Милан қаласының атынан өнер көрсететін “Милан” және “Интер” клубтарының арасындағы текіретіс танымалдылығы жағынан Рим дербиінен асып түспесе, кем емес. Еуропадағы ең үздік біріншілікте өнер көрсететін екі клубтың атағы шамалас. Сол себепті де олардың арасындағы ойын қашанда қызыққа толы. Айта кетерлігі, екі клубтың ішінен бірінші болып “Милан” құрылған. Араға 9 жыл салып, клуб ішіндегі жанжалдан кейін Джорджо Муджжанидің басшылығымен бір топ ойыншы “Миланнан” бөлініп шығып, “Интернационале” (қысқаша атауы “Интер”) деген команданың негізін қалайды. Осылайша ұжым ішіндегі жанжал, алаңдағы текіретіске ауысады. Ал, екі клубтың жанкүйерлері әлеуметтік жағдайына қарай бөлініп алған. О бастан “Миланды” елдің оңтүстігінен келген еңбек мигранттары мен жұмысшы тап өкілдері қолдаса, “Интерді” қаланың байырғы және дәулетті тұрғындары қолдаған. Әлі күнге дейін бұл ұжымдардың кездесуінде спорттық бәсекелестіктен бөлек, әлеуметтік бақталастық сипаты байқалады. Жанкүйерлердің қарсыласына берген лақап аты да соны байқатады. “Интерді” қолдаушылар “Милан” жақтаушыларын “Бөбейсіз” (“Бұрауыш”, “Casciaviti”) десе, олар “Интерліктерді” “Мақтаншақ” (“Беспе”, “Bauscia”) деп атайтын көрінеді. Екі команда 1910 жылдан бері өзара 218 ойын өткізіп, 77 ойында “Интер”, 75 ойында “Милан” жеңіске жеткен, 66 ойын тең есеппен аяқталған. Айта кетерлігі, миландық клубтар үйдегі ойындарын бір алаңда, “Джузеппе Меацча” (ескі атауы “Сан-Сиро”) стадионында өткізеді. Даңқты Джузеппе Меацча кезінде “Интер” сапында өнер көрсеткендіктен “Милан” жанкүйерлері стадионды ескіше “Сан-Сиро” деп атайды.

Қазіргі кезде футболға ойын емес, өмірінің мәні ретінде қарайтын жандар жетерлік. Оны қаржылық жағдайына, саяси немесе діни көзқарасына қарамастан қоғамның көп мүшесі көреді. Спорт болғандықтан бұл ойында да бәсекелестік, жеңіске деген ұмтылыс бар. Бұл қасиеттер алаңдағы ойыншылардан бөлек, оларды қолдайтын жанкүйерлерге де беріледі. Өз кезегінде жанкүйерлердің де командаларға ықпалы жоқ емес. Тіпті бір елдерде футболсүйер қауымның өмірлік ұстанымы бүтіндей бір команданың ұстанымына айналып кеткен. Ал кей мемлекеттерде адамдар танысқанда бір-бірінен “Қай клубты қолдайсың?” – деп жөн сұрасады екен.



Әлемнің немірі бірінші спорты ертеректе пайда болғанымен, оның қарыштап дамуы XIX ғасырдан басталды. Сол уақыттан бері ойынның негізгі ережелері бекітіліп, өзіндік дәстүрлері мен терминдері қалыптасты. Футболға қатысты сондай терминдердің бірі “дерби” деп аталады. Бұл сөз бір өңірдің немесе бір қаланың екі командасы кездесетін ойынға қатысты қолданылады. Дербидің ерекшелігі – оны ойыншылар да, жанкүйерлер де асыға күтетіндігі және алаң мен алаң сыртындағы жанкештілікте. Дербиде жеңу – басқа ойындардағы жеңістерден тәттірек, ал жеңілу – бөрінен де ащы. Өр текіретістің өз тарихы мен дәстүрі бар, олар сонысымен де қызық. Бүгін назарларыңызға бүкіл әлем жұртшылығы қызыға қарайтын дербилер топтамасын ұсынамыз.

РИМ ДЕРБИ

Италия астанасынан шыққан екі клуб – “Лацио” мен “Рома” арасындағы қарсыластық XX ғасырдың алғашқы жартысында басталған. Италияда фашистік тәртіп орнғаннан кейін, бұл елдегі ұсақ клубтар өзара біріктіріле бастайды. Бұл үлкен қалалардағы командаларды бір орталыққа шоғырландыру үшін және жергілікті жанкүйерлерді ұсақ топтарға бөлмей, бір ұжымның айналасына біріктіру үшін жүргізілген саясат еді. Соның нәтижесінде 1927 жылы Римде “Роман”, “Альба-Аудаче” және “Фортитуде-Про Рома” ұжымдары біріктіріліп, “Рома” футбол клубы пайда болды. Дегенмен басышларының саяси күшпен орнатқан байланысының арқасында мұндай біріктірулерді айналып өткен ұжымдар да жоқ емес еді. Солардың бірі – римдік “Лацио” футбол клубы. “Рома” құрылғаннан кейін екі клубтың “Мәңгілік қаладағы” үстемдік үшін таласуы басталды. “Қасқырларды” (“Романың” лақап атауы, “Lupi”) негізінен қала орталығындағы тұрғындар, ал “Түлектерді” (“Лационың” лақап атауы, “Aquilotti”) қала маңындағы мекендердің тұрғындары және фашистік режимді оң көретін жұрт қолдайтын болды. Айта кетерлігі, фашистік тәртіп өз ізін қалдырмай қоймады. Бұл клубтардың арасындағы матчтарда әлі күнге дейін фашистік және нәсілшілдік нышаны байқалады.

“Рома” мен “Лацио” арасындағы алғашқы кездесу 1929 жылы өтті. Содан бері 184 ойында 69 рет “Рома”, 52 рет “Лацио” жеңіске жетсе, 63 кездесуде тең нәтиже тіркелген.



соңғы уақытта саяси мәселе сәл саябырсып, Каталониялық дерби” таза спорттық тартысқа айналып келеді.

Екі команда алғаш рет 1900 жылдың 23 желтоқсанында кездескен. 1929 жылдан бастап есептегенде олар өзара 157 ойын өткізіп, соның 34-і тең аяқталып, 89-ында “Барселона”, 34-інде “Эспаньол” жеңіске жеткен.

КАТАЛОНИЯЛЫҚ ДЕРБИ

Испаниядан бөлініп, тәуелсіздік алуды ойлаған Каталонияның да өз дерби бар. Ол – автономиялық елдің астанасы Барселона қаласындағы қос клуб “Барселона” мен “Эспаньол” арасындағы кездесулер. Бұл екі команданың бір-біріне деген өшпенділігі зор. Ал олардың жанкүйерлері елдегі саяси ахуалға байланысты бөлінген. 1899 жылы құрылған “Барселонаны” негізінен Каталонияның тәуелсіздігін аңсайтын қауым қолдаса, 1900 жылы құрылған “Эспаньолды”, керісінше, Испания билігін мойындайтын жұрт қолдайды (“Español”) сөзі “Испандық” деген мағына береді). Тіпті екі ұжымның дәл осы саяси ұстанымына байланысты араздықтың шиеленіскен кездері де болған. Әйткенмен, соңғы уақытта саяси мәселе сәл саябырсып, Каталониялық дерби” таза спорттық тартысқа айналып келеді.

Екі команда алғаш рет 1900 жылдың 23 желтоқсанында кездескен. 1929 жылдан бастап есептегенде олар өзара 157 ойын өткізіп, соның 34-і тең аяқталып, 89-ында “Барселона”, 34-інде “Эспаньол” жеңіске жеткен.

Ернар АЛМАБЕК

ФУТБОЛ РЕКОРДТАРЫ

Футбол – әлемдегі ең атакты спорт. Бүгінде бүкіл әлем осы спортқа қыруар қаржы құйып, футболшылар нағыз жұлдыз болып жүр. Бірақ бүкіл әлемдегі миллиондаған футболшылардың ішінде ерекше нәтижелерімен көзге түскендер көп. Назарларыңызға футболда қойылған рекордтарды ұсынамыз.

– Ресми голдар бойынша ең көп гол соққан футболшы – Пеле. Футбол патшасы 1956-77 жылдар арасында 1363 матчқа қатысып, 1279 рет қанжығасын майлаған. Бірақ Пелеге дейін ойнаған тағы бір бразилиялық Артур Фриденрейх одан да көп гол соққан екен. Әйтсе де, бұл ресми дәлелденген жоқ.

– Әлемге әйгілі футбол әуендері Түркия жанкүйерлерінің еңісінде. SAMPİYON BEŞİKTAŞ, Beşiktaş Çarşı атты әндер клубтың бойтұмарына айналған. “Бешикташқа” футболдағы ерекше рекордтардың бірі тиіспейді. Жанкүйерлер стадиондағы шу бойынша Еуропаны дүр сілкіндірген. “Ливерпульмен” өткен ойында стадиондағы дауыс жаңғырығы 132 децибелді көрсеткен. Өзірге бұл рекордты ешкім жаңарта алған жоқ.

– Мексикалық төреші Гонсалес бір матчта 26 қызыл қағаз көрсетіп, тарихта қалды. Алаңдағы жанжалдан кейін ол 22 футболшының бәрін алаңнан қуып қана қоймай, командалық бапкеріне де қызыл қағаз көрсеткен.

– Кәсіпқой деңгейдегі матчқа қатысқан ең жас футболшыға тоқтапсың. Боливия чемпионатында “Аурора” мен “Ла-Пас” матчында алаң иелерінің бас бапкері Хулио Сесар қиын жағдайда қалды. Командада ойыншылардың басым бөлігі жарақаттанып, көбі алаңға шыға алмады. Сондықтан ол өзінің ұлын алаңға жіберді. Маурисионың жасы 12-де болатын.



Көзге арналған жаттығулардың сиқырлы қасиеттеріне сену және баланы ерте дамытуға тырысу – оның көз жаңарына зиян болуы мүмкін. Сіз осы қателіктерге бой алдырып жүрсіз бе? Өзіңізді тексеріп көріңіз.

БАЛАНЫҢ КӨЗІ ЖАҚСЫ КӨРСІН ДЕСЕҢІЗ...

Офтальмолог-дәрігер, медицина ғылымдарының докторы Игорь Азнауряның кеңестері:

ЕРТЕ ДАМУЫМЕН АЙНАЛЫСУ
Соңғы кездері баланы ерте дамыту санға айналып барады. Бұл өз кезегінде бала денсаулығы үшін өте қауіпті екенін ата-аналарға ала бермейді. 3-4 жасында қалыптасатын баланың жүйке жүйесі де, көру жүйесі де шамадан тыс түсетін жүктемеге дайын емес. Осылайша ерте жазу, сызуға, оқуға бейімдеудің салдарынан балада көптеген көз ауруы тууы мүмкін.

ҮЙ ТАПСЫРМАСЫН ОРЫНДАУ КЕЗІНДЕ ШАҒЫН ҮЗІЛІС ЖАСАМАУ

«Тапсырманы орындап бітпейінше орыннан тапжылмаймын!» – деп оқушы кезімде ата-аналарымыз жиі айтатын. Енді мектеп бітіріп, өсейген соң біз де балаларымызға солай айтып жүрміз. Бір қарағанда бәрі дұрыс секілді: оларды тәртіпке, еңбекқорлыққа үйретіп жатырмыз... және соныммен қатар көз жаңарын құртамыз.

Жақыннан көршілік ауыл мектептен емес үй тапсырмасын орындау барысында дамытатын көбі біл бермейді. Мектепте әр 40 минут сайын қонырау соғылып тұрады. Ал сабақ кезінде баланың көзі бірте-бірте тақтаға, бірде-бірдегі ауысып, яғни цилиндрлік булық еттер көзді әртүрлі қашықтыққа бағыттап отырады.

Үйде бала ұзақ уақыт оқулыққа телміріп, арасында үзіліс жасаса бірден смартфонға қарайды. Нәтижесінде көзге ұзақ уақыт бойы, бірінші жақыннан күш түседі. Бала үстелде емес төсекте жатып, немесе еденде жатып сабақ оқыса, оқулық пен көздің арасындағы қашықтық тиім жақын болу себебінен көру жүйесіне өкіс есе күш түсуі мүмкін.

Сол себептен ата-ана баласы үй тапсырмасын орындаған кезде сағат сайын үзіліс жасап отыруын қадағалауға тиіс. Осы үзілісте баланың смартфон пайдалануына жол бермей басқа шаруаларға, мысалы, ыдыс жууға көмектесу немесе бірге жекші ас ішуге шақыру арқылы көңіл бөлу керек. Осылайша көзін тынықтырып алуына септігімізді тигізе аламыз.

БАЛАНЫҢ КӨЗІ АУЫРМАСА ОФТАЛЬМОЛОГҚА БАРУДЫҢ ҚАЖЕТІ ЖОҚ ДЕП ОЙЛАУ

Көп ата-аналар «гиперметропия» тән, болмашы шағала болса олар баланы дәрігерге апаруға дайын тұрады. Алайда көру қабілетінің нашарлағанына бала әдетте шашымдана бермейді. Себебі, бір көздің көру нашарлағанымен, екіншісі бұрынғыдай анық көру қабілетіне береді де, бала өзгерісті байқай қоймайды.

Оның үстіне, сыртқы белгілері бойынша астигматизм, амблиопия, анизометропия сияқты ауруларды бірден анықтау мүмкін емес – бұны тек офтальмолог ғана көре алады.



Сондықтан ешқандай шағым болмаса да, аурудың алдын алу мақсатында офтальмологтың тексерулерінен жал сайын өтуге кеңес беремін.

Мектепке дейінгі балалар үшін офтальмологқа бару тәртібі: 1 айында, 3 айында, 6 айында, 1 жаста, 2 жаста, 3 жаста. Егер ешқандай ауытқу байқалмаса, келесі қабылдауға 6 жасында әкелуге болады.

Офтальмологқа жиі қаралып тұрудың маңызы неде? Көз ауруларының көбі, тіпті, жақыннан көршілік (миопия – көз кемістігі, мұндайда адам алыстан жөнді көре алмайды) тек тұқым қуалаушылық арқылы балаға берілуі мүмкін. Мысалға, статистика бойынша егер ата-ананың бірінің көру қабілеті төмен болса, онда ол балада да төмен болуының 50% ықтималдығы бар. Ал егер ата-ананың екеуінде де жақыннан көршілік ауруы болса, онда бұл ықтималдық тіпті 80% болуы мүмкін. Сондықтан мүмкіндігінше уақытылы тексерілетін жөн. Біліп офтальмолог "миопия" диагнозын қойыл ғана қоймай, оны тұрақтандырып, көру қабілетінің нашарлауын тоқтатуы керек.

ББҚ МЕН КӨЗ ЖАТТЫҒУЛАРЫНА АРҚА СУЙУ

Қаражидек қосылған ББҚ (биологиялық белсенді қоспалар), лютеинді таблеткалар, сөбіз, тесіг бар көзілдіңкі, көзге арналған жаттығулар – бұның бәрін анық көру жүйесіне ешқандай да пайдасы жоқ.

Мысалы, көз патологиясы балаға қанмен берілді дерлік. Мысалы, қант диабеті тұқым қуалаушылық арқылы беріледі. Бірақ адамдар диабетті ББҚ-мен немесе гимнастика жасау арқылы емдейді ғой. Олай болса, айналамын байланыс құратын ең басты мүше – көзіміз, осындай пайдасыз "емдеу" тәсілдерінен не үшін зардап шегу керек?

Алғашқы сзідің баланың жақыннан көршілікке шалдығып, онда іс-әрекеттерінің реттілігін сақтауы керек.

анықтанып алуыңыз керек. Алдымен жақыннан көршілік дәрігермен бірге тоқтату керек, содан кейін оны түзетуге тырысыңыз. Заманауи офтальмология аппаратпен немесе дәрі-дәрмекпен ем жүргізе алады және қазіргі заманда лазер арқылы да көз жаңарын түзетуге болады.

КӨЗІЛДІРІКТІҢ КӨЗГЕ ӨСЕРІ

«Көзілдірік көзге зиян, егер оны бір рет тақсаң, өмір бойы тақпай жүре алмайсың» деген кеңес дәуірінен келе жатқан ұғым бар. «Көздің көруі нашарлайды, көзілдірік өйнегі барған сайын қалындай түседі» деп есептеген. Сондықтан дәрігер көзілдірік тағуға кеңес берсе де, пайдалануға тыным салынған.

Алайда балаларға көбінесе көзілдірікті тек жақсы көру үшін ғана емес, көзді емдеу, көруді түзету әдісі ретінде тағуға кеңес береді. Егер сіз біліп маманға көрінісез, онда көзілдірікті сізге уақытша тағуға ұқсас беруі мүмкін екенін түсінген абзал. Алдымен көздің көру қабілетінің жыл сайын үздіксіз төмендеуін тоқтатып, жақыннан көршілікті тұрақтандырып барып, көзілдіріктен құтылуың жолдарын қарастыра беруге болады. Егер жақыннан көршілік тоқтаса және үш жыл бойы үдеп, асықпаса, лазермен емдеу арқылы көздің көру қабілетін қайта қалпына келтіруге мүмкіндік бар.

Сонымен баланың көру қабілетінің нашарлауының негізгі белгілері: – Жазуыңыз жаман жаққа өзгеруі, әріптері едәуір іріленіп, нашарлауы. – Баланың тытымен қатты иілуі.

– Телпелілер көрген уақытта бала алыстан емес, экранға жақын келіп, көзін сығырайта қарауы.

Егер ата-аналар өз қателіктерімен жұмыс істеді қолға алса және қатып қалған ұстанымдардан бас тартса, онда біз жұмыс арда жақыннан көршілік іңдетінен құтыла аламыз.

Қазақ Елі монументі

2008 жылы Астананың сол жағалауындағы әсем де зәулім ғимараттар қатарын «Қазақ елі» монументі толықтырды. Идеяның негізгі авторы – Елбасы Н.Назарбаев. Монументтің биіктігі – 91 метр. Монумент бір жағынан Қазақстанның архитектуралық шығармашылығының жетістігі мен биік бөлеске көтерілгенін көрсетсе, екінші жағынан өгеменді төуелсіз Қазақстанның қуатын, тарихы мен мәдениетін суреттейді.



Ұшар басына Самұрық құс орнатылған кешен ұзын бағана мен «Тұңғыш Президент және Қазақстан халқы», «Қаһармандық», «Болашақ» тақырыптары берілгеннен 4 қолға барельефтерден тұрады. «Қазақ елі» ескерткіш кешенінің авторлары – архитектор Саматбек Бөкебай мен суретші Сембағали Смағұлов.

Өгеменді мемлекетіміздің құрылуы мен дамуында Қазақстанның Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың сіңірген еңбегі зор. Оның тың бастамасы мен оң қадамының арқасында Қазақстан қысқа уақыт ішінде бұрынғы Кеңес одағы мемлекеттері арасында жетекші ел ретінде танылып, әлемдік қауымдастықтың белсенді мүшесіне айналды.

Қазақстанның келер жылы Еуропа қауымдастығы ынтымақтастық ұйымына тоғалдық етуі осының анық көрінісі деуге болады. Барлық әлеуметтік – экономикалық көрсеткіштер бойынша Қазақстан әлемнің озық мемлекеттерінің қатарына ны сеніммен қадам басуда.

Қазақстанның қазіргі бет-бейнесі мемлекеттің өндірістік дамуымен, жоғары технологиялық өнімі және халықаралық басқару бар көлік жолдарын жасаумен, халықаралық жүйедегі сауда қатынасына белсене араласуымен айқындалған.

Сондай-ақ әлемдік қауымдастықта дұрыс қадамдар жасау арқылы халықаралық сипатқа ие жаңа бастамалар ұсынып келеді. Оның мысалы ретінде ядролық қарудан бас тартуын, мемлекетаралық ынтымақтастықтың әртүрлі форматы үшін (ШЫҒ, АСШК, ЕуРАЭЗЫ, ҰҚҰ) діндер сұхбатын өткізу және тағы басқаларды мысал етіп келтіруге болады.

Мемлекетіміздің қалыптасуы мен дамуында Қазақстанның Тұңғыш Президентінің дара тұлғасы мен ақыл парасаты айрықша көзге түседі.

Монументтің шығыс жақ бетіндегі «Мыңқылдық» аллесаының басталар тұсына көлемі 9х9 метр, биіктігі 1,2 метр мрамордан жасалған тас тұғырға қоладан тұрғызылған «Бірлік» атты көп пішінді ансамбльдік мүсіндер қойылған. Мүсіндердің жалпы саны – 1,1, ал әрқайсысының биіктігі – 3,5 метрден.

25 ақпан – 3 наурыз

JULDYZ – JORAMAL



ТОҚТЫ
Сізді маңызды кездесу күтіп тұр. Сондықтан жүрген жүрісіңізге де, киген киіміңізге де аса мән берген жөн. Қызметіңіз жоғарылап, жетістіктерге жетесіз.

Дегенмен жақсылық жасаған адамдардың қадірін біліңіз.

ТОРПАҚ
Көп уақытты серуендеп, көңіл көтеруге арнаңыз. Қиын күндерді ұмытып, жаңа күнге жаңа көзқараспен қараңыз. Бұл апта сіз үшін өте маңызды, сондықтан шешімді асықпай қабылдаңыз.

ЕГІЗДЕР
Бұл аптаны отбасыңызбен өткізіңіз. Жұмыс, жоспарды ысырып қойып, жақынның қасында болыңыз. Өмірдің қызығы сезініп, отбасылық жылуың қадірін түсіңіз. Апта сіз ойлағаннан да қызықты өтеді.

ШАҢ
Махаббатта жолыңыз болады. Тек жүрегіңізді тыңдаңыз. Қаражат жағынан



қиындық туындауы ықтимал. Сондықтан қаржыңызды үнемдеп жұмсаңыз. Жұлдыздар көп серуендеуге кеңес береді.



АРЫСТАН
«Жұмыс» деп өзіңізді ұмытпаңыз. Айналаныңдағы адамдардан қорықпай, батылдық бола түсіңіз. Сізді ешкім де қорқытып, үкірте алмайды. Ойыңызға келген мақсатты нақты жоспарлап, орындай біліңіз. Жаныңыз қалаған нәрсені жасауға тырысыңыз.



БІКЕШ
Қаржы саласында, және кез келген жарыста жеңіске жетесіз. Кәсіп баптасыс келгендерге сәттілік серік болады.



АЛЛА
Алғашқы істі достарыңызбен бірге бастамаған жөн. Жаңа белестерді бағындыратын уақыт жетті. Өзіңізді өзге қырынан көрсетіңіз. Бұл апта жетістікке жететін кезең. Мұның бәрі бұған дейін қолға алған істің жемісі. Жеке өміріңізде маңызды кездесулер орын алады.



ТАРАЗЫ
Көп ойланпай, түрлі жоспар құрып, алғашқы қадам жасасаңыз, жұмыстың нәтижесін көре аласыз. Апта соңында



қабылдаған шешімнің дұрыс-бұрыстығына көз жеткізесіз. Биікке жетуді де, төменге құлдырауды да бастан өткеруіңіз мүмкін. Апта соңында күтпеген ұсыныс жасалуы мүмкін. Десе де жұлдыздар ауыр міндетті жауапкершілікке алмауға кеңес береді. Қандай да бір шешім қабылдамас бұрын ата-ананың ақылдасқан жөн.



САРЫШАҢ
Өмірдің қайта бастауға күшшесін артып, өмір қызығын сезінесіз. Махаббатта жолыңыз болады. Діттеген мақсатқа жету үшін бұл апта таптырмас уақыт. Жолыңыз болып, көп нәрсеге оңай қол жеткізесіз. Сондықтан берілген мүмкіндікті жіберіп алмаңыз.



МЕРГЕН
Апта жақсы жаңалықтармен басталады. Күніңізді бекерге өткізбеңіз. Аздаған қиындық кездессе де, сабыр сақтаңыз. Бос уақытыңызды жаңа білім алуға, тіл үйренуге арнаған дұрыс.



ТАУЕШКІ
Жаңа аптада денсаулығыңызға мән берген жөн. Күзде дәрумендер қабылдап, мүмкіндігінше демалысқа уақыт арнаған дұрыс. Сондай-ақ шақырған жерден қалманыз, жаңа ортадан жақсы достар табуыңыз мүмкін.



СУҚЫҒЫШ
Көп уақытты серуендеп, көңіл көтеруге арнаңыз. Қиын күндерді ұмытып, жаңа күнге жаңа көзқараспен қараңыз. Бұл апта сіз үшін өте маңызды, сондықтан шешімді асықпай қабылдаңыз.



БАЛЫҚ
Осы аптада достарыңызбен жиі бас қосасыз. Жақынның қасында де берік қарым-қатынас орнатасыз. Сондықтан арқашан күліп жүріңіз. Бұл сіздің денсаулығыңызға да оң әсерін береді.

Кезекші редактор: А.ӘЛШЕРОВА

АҚМЕШІТ жастары

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелу алынып, №13844-Г куәлігі 26.08.2013 жылы берілген. «Ақмешіт жастары» облыстық газеті КР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертифицирталған.

Меншік иесі: «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҢАРАБАЕВ

Қабылдау бөлмесі:
тел/факс: 40-11-10

БАС РЕДАКТОР
Айжан АБДУЛЛАЕВА

Газет әр аптаның бейсенбі күні шығады. Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды. Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп «ASU баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылады. Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А.

Индекс: 65425. Редакцияның мекен-жайы: 120018
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А
Gmail.com: aqmeshit_zhastary@mail.com
Instagram: @aqmeshit_zhastary / сайт: aqmeshit_zhastary.kz

Таралымы: 8533
Тапсырыс № 281